



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



# TÜRKE ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://www.turkalemi.org/>

№ 2-3 (ақпан-наурыз, 282-283) 2026 жыл



## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРИ АУЫЗАШАР БЕРДІ

Биылғы қасиетті Рамазан айында Түркі халықтары Мәдени Қоры мүшелері мен қызметкерлері үшін ауызашар берді. Жиынның басты мақсаты – түркі халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын дәріптеу, достық пен бірлікті нығайту болды.

Ауызашар барысында Түркі Халықтары Мәдени Қорының Президенті, Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің Бас редакторы Ахмет Дағдұран қонақтарға кітаптар тарту етіп, жоспарларымен бөлісті. Қор мүшелері мұндай кездесулердің қоғамдағы рухани байланыстарды күшейтетінін, мәдениет арқылы адамдар арасындағы ынтымақтастықты арттыратынын атап өтті. Жиын түркі халықтарының мәдени мұрасын насихаттау жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды.



## 15 НАУРЫЗ – МАЖАРСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІ

15 наурыз – Мажарстан халқы үшін ерекше тарихи күн. Бұл күн – 1848 жылғы ұлт-азаттық революциясының басталған күні ретінде ел тарихында алтын әріппен жазылған. Сол жылы мажар халқы ұлттық тәуелсіздік, азаматтық бостандық және демократиялық құқықтар үшін күреске шықты. Бостандық рухын жырлаған ақын Шандор Петефи бастаған зиялы қауым халықты бірлікке шақырып, ел тағдырын айқындаған тарихи қозғалыстың алдыңғы шебінде тұрды.

1848 жылғы революция тек Мажарстан тарихындағы маңызды кезең ғана емес, Еуропадағы еркіндік пен ұлттық жаңғыру идеяларының қуатты көрінісі болды. Бұл күн – азаттыққа ұмтылған халық рухының, тәуелсіздік жолындағы қайсарлықтың символы.

Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің редакциясы Мажарстан халқын осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтайды. Екі халық арасындағы тарихи және мәдени байланыстар, өзара сыйластық пен достық алдағы уақытта да нығая беретініне сенім білдіреміз.

Мажарстан халқына бейбітшілік, тұрақтылық және өсіп-өркендеу тілейміз! Тарихы терең, рухы биік халықтың азаттық жолындағы ерлігі әрдайым құрметке лайық.



## 3 НАУРЫЗ – ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ КҮНІ

3 наурыз – бауырлас Қырғыз Республикасында Мемлекеттік ту күні ретінде аталып өтетін маңызды мереке. Бұл күн қырғыз халқының тәуелсіздігі мен ұлттық бірлігін айқындайтын қасиетті рәміз – мемлекеттік тудың құрметіне арналды.

Қырғыз Республикасының мемлекеттік туы 1992 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданды. Тудың қызыл түсі батырлық пен ерлікті бейнелейді. Ал оның ортасындағы алтын түсті күн бейнесі – жарқын болашақтың символы. Күннің ішіндегі шаңырақ бейнесі қырғыз халқының дәстүрлі киіз үйінің төбесін білдіріп, халықтың бірлігін, ортақ үйін және тарихи тамырын айшықтайды.

Бұл мемлекеттік рәміз қырғыз халқының ғасырлар бойғы еркіндікке ұмтылған рухын, ұлттық мәдениеті мен дәстүрінің сабақтастығын көрсетеді. Мемлекеттік ту – ел тәуелсіздігінің, егемендігінің және болашаққа деген сенімінің белгісі.

Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы бауырлас қырғыз халқын 3 наурыз – Мемлекеттік ту күнімен шын жүректен құттықтайды. Түркі халықтарын біріктіретін достық пен рухани жақындық алдағы уақытта да нығая берсін. Қырғыз еліне бейбітшілік, тұрақтылық және өркендеу тілейміз.



## ТҮГЕЛ ТҮРКІГЕ ОРТАҚ ҰЛЫС МЕЙРАМЫ

Өз Наурыз – түркі халықтарының ықылым заманнан бері жалғасып келе жатқан ең көне әрі қасиетті мерекелерінің бірі. Алайда соңғы кездері бұл мейрамның шығу тегін өзге өркениеттермен байланыстырып, оның бастауын парсы не шығыс халықтарынан іздеу жиі айтылып жүр. Осы тұрғыдан алғанда, Наурыздың шынайы тарихи тамыры қайда жатыр деген сұрақтың туындауы заңды.

Наурыз – табиғатпен біте қайнасқан көшпелі өмір салтының жемісі. Күн мен түн теңелген сәтті ата-бабаларымыз жаңа жылдың бастауы деп таныған. Бұл – тек күнтізбелік өзгеріс емес, тұтас тіршіліктің жаңару кезеңі. Қыстың қары еріп, Жер-ана бусанып, көк шығып, тіршілік атаулы қайта түлейді. Қазақ халқы бұл мезетті ерекше қастерлеп, оны жаңа үміттің, жаңа өмірдің бастауы ретінде қабылдаған. Үй-үйде қазан көтеріліп, жеті түрлі дәмнен наурыз көже әзірленіп, ағайын-туыс көрісіп, өкпе-реніш ұмытылып, ақжарма тілектер айтылады.

Наурыз мерекесінің тарихы тым тереңде жатыр. Көне деректерге сүйенсек, күн мен түннің теңелуін жаңа өмірдің бастауы деп

тану адамзат өркениетінің алғашқы кезеңдерінен-ақ қалыптасқан. Ежелгі Тұран даласын мекендеген сақтар мен ғұндар да осы мезгілді ерекше құрметтеп, Көк Тәңірден береке мен бірлік тілеген. Қытай жылнамаларында ғұндардың күн теңелген күні тауға шығып, жаңа шыққан күнге қарап тілек тілейтіні туралы деректер кездеседі.

Бүгінде Наурыз – тек қазақ халқының ғана емес, тұтас түркі әлемінің ортақ рухани құндылығы. Ол – табиғат пен адамзаттың үйлесімін, өткен мен бүгіннің сабақтастығын білдіретін ерекше күн. Ұлыстың ұлы күні – бірлік пен татулықтың, жаңару мен үміттің символы ретінде өз мәнін ешқашан жоғалтпайды.

Сондықтан Наурызды өз болмысымыздан алыстатпай, оның тарихи тамыры мен рухани мәнін терең түсіну – әрбір ұрпақтың парызы. Бұл – тек мереке емес, бұл – ұлттың жаны, халықтың жады.

Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы  
Тұран университеті, Журналистика факультетінің  
4-курс студенті



**Abi Tamasha Et – Алматыдағы нағыз түрік дөнері**

- ✓ 100% премиум сиыр еті
- ✓ Қытырлақ лаваш пен пита
- ✓ Табиғи соустар
- ✓ Үй айраны

Ұмытылмас дәмді сезінуге келіңіз!

Мекенжай: Байтұрсынов 141 | Ұялы тел.: +7 (708) 010-39-69 | Instagram: @abi\_tamasha\_et

Türk Döneri

**TEM TOUR TRAVEL AGENCY** IATA

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- ✦ Тіркелу және виза жасау
- ✦ Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- ✦ Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana Lufthansa TURKISH AIRLINES QATAR AIRWAYS

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111  
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864  
Ұялы тел.: +7 701 555 08 36  
effcket@temtour.net

Астана, 19, str. Tashenova  
Т.: +7 (7172) 91 94 94  
М.: +7 (702) 500 90 03  
travelastana@temtour.net

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢ БОЛМАҚ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ел ертеңін айқындайтын басты құндылықтардың бірі - оның Конституциясы, яғни мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір. Жаңа Конституция - тек құқықтық құжат емес, ол елдің даму стратегиясын, халықтың болашаққа деген сенімін айқындайтын рухани бағдар.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы елдің саяси-құқықтық жүйесін терең әрі кешенді жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам деп бағалауға болады. Жобаның әзірлену барысы - азаматтардың, сарапшылардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың кеңінен қатысуымен өтуі - оның легитимділігін арттырып, қоғам сұранысына жақындатқанын көрсетеді. Бұл демократиялық процестердің нығайғанын білдіреді. Қазақстанның саяси жүйесін жаңғырту мен әлеуметтік әділдікті нығайту жолында қабылданған жаңа Конституция - уақыттың сұранысы мен ұлттың мүддесінің тоғысуы. Бір палаталы Парламентке көшу бастамасы заң шығару процесінің жеделдігін арттырып, мемлекеттік басқарудағы жауапкершілікті күшейтуі мүмкін. Бұл құжатта Конституция мәтінінің 80 пайыздан астамына өзгеріс енгізілуі - бұл тек жекелеген түзетулер емес, жаңа саяси модель қалыптастыруға бағытталған түбегейлі реформа екенін аңғартады. Сонымен қатар, азаматтық қоғамның рөлі, әрбір қазақстандықтың құқығы мен мүмкіндігі кеңейтіліп, мемлекет пен жеке тұлға арасындағы өзара жауапкершілік жаңа деңгейге көтерілді.

Жаңа Ата Заң - билік пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін, мемлекетті басқарудың тиімділігін артты-

ратын маңызды құрал. Онда әділеттілік, тең мүмкіндік, ашықтық қағидаттары нақты көрініс тапқан. Енді әрбір азамат өз пікірін еркін айтып, қоғам өміріне ықпал ету тетіктеріне ие бола алады.

Жаңа Конституцияның басты артықшылығы - заман талабына сай бейімделгендігі мен қоғамдық диалогқа сүйенуі. Бұл - еліміздің демократиялық дамуын жаңа сапалы деңгейге көтеретін тарихи қадам. Жобада мемлекеттің адамға бағдарланған сипатын күшейту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту, сондай-ақ саяси институттардың тиімділігін арттыру негізгі басымдық ретінде көрініс тапқан. Бұл өзгерістер қазіргі заманғы сын-қатерлерге, соның ішінде технологиялық даму мен жасанды интеллект дәуіріне бейімделу қажеттілігімен үйлеседі.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция жобасы Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуын жаңа деңгейге көтеруге, билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға және елдің ұзақ мерзімді тұрақты дамуына негіз қалауға бағытталған стратегиялық құжат деуге болады.

Жаңа Конституцияның көкжиегі кең - ол тұрақты мемлекет құрылымының, әділетті қоғамның және серпінді келешектің кепілі. Бұл - халық пен билік арасындағы өзара сенімнің нышаны, ел ертеңіне деген нық сенімнің бастауы.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жылуфизика және техникалық физика кафедрасы, Молдабаева Майра, профессор Әсембаева Мәнсия, қауымдастырылған профессор**

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН JAҢA DEҢГЕЙГЕ КӨТЕРУ: УАҚЫТ ТАЛАБЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы - ел дамуының стратегиялық бағытты ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру. Қазақстан - жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында тұр, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптарының ауқымы бойынша көшбасшы елдердің бірі. Алайда, осынау байлықты тиімді пайдалану, саланы шикізат бағытынан дайын өнім шығаруға көшіру және жаңа технологияларды енгізу - бүгінгі күннің басты міндеті. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру тек экономикалық көрсеткіш емес, бұл - елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік тұрақтылығының кепілі.

Агроөңірмен инновацияның рөлі

Ауыл шаруашылығын ескі әдістермен жүргізу қазіргі жаһандық бәсекелестік заманында мүмкін емес. Бізге «Ақылды фермалар» (Smart Farming) концепциясын жаппай енгізу қажет.

- Цифрландыру: Егістік алқаптарын дрондармен бақылау, топырақтың құрамын цифрлық карталар арқылы анықтау және суару жүйелерін автоматтандыру өнімділікті бірнеше есе арттырады.

- Генетика және селекция: Өз еліміздің климатына бейімделген, құрғақшылыққа төзімді тұқым түрлерін шығару - ғылымның басты фокусында болуы тиіс. Импорттық тұқымға тәуелділіктен арылуымыз керек.

- Дәлдік егіншілік: Пестицидтер мен тыңайтқыштарды жаппай емес, тек қажетті нүктелерге ғана себу арқылы шығынды азайтып, экологиялық таза өнім алуға болады.

Су ресурстарын тиімді пайдалану

Су тапшылығы - Орталық Азия елдері үшін, соның ішінде Қазақстан үшін ең үлкен сын-қатер. Ескірген арықтар мен ашық каналдар арқылы судың 40-50%-ы жерге сіңіп, босқа кетеді.

- Тамшылатып суару: Бұл технология суды 3-4 есе үнемдеуге мүмкіндік береді. Мемлекет тарапынан мұндай жүйелерді орнатқан шаруаларға субсидия көлемін ұлғайту қажет.

- Су қоймаларын жаңғырту: Ескі су қоймаларын жөндеп, жаңаларын салу арқылы көктемгі тасқын суын тиімді жинап, жазда пайдалану - стратегиялық маңызды қадам.

Өңдеу өнеркәсібі: Шикізаттан - Дайын өнімге

Біз тек бидай мен етті шикізат күйінде сатып қана қоймай, оны терең өңдеуіміз керек. Мәселен, бидайды ұнға ғана емес, макарон өнімдеріне, крахмалға, глютенге айналдыру - қосымша құн жасау деген сөз.

- Мал шаруашылығындағы кластерлер: Етті тірідей шекара асырғанша, заманауи ет комбинаттарын салып, халықаралық стандарттарға (Halal, ISO) сай қапталған дайын өнім ретінде экспорттау пайданы 2-3 есе арттырады.

- Логистика және сақтау: Өнімнің ысырап болмауы үшін заманауи қоймалар мен «суық тізбек» (cold chain) логистикасын дамыту қажет.

Ауыл инфрақұрылымы мен кадр мәселесі

Егер ауылға жағдай жасалмасақ, жастар қалаға ағылады, ал жер игерілмей қалады. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру үшін адам капиталына инвестиция салу керек.

- Жастарды ынталандыру: Ауылға барған жас мамандарға тек үй емес, жоғары жалақы мен заманауи жұмыс орны керек.

- Сапалы білім: Аграрлық университеттер мен колледждер өндірістен қол үзбей, практикаға негізделген мамандар даярлауы тиіс.

Ауыл шаруашылығы - бұл жай ғана сала емес, бұл біздің өмір салтымыз бен экономикамыздың алтын дінгеі. Саланы жаңа деңгейге көтеру үшін мемлекеттік қолдау, ғылыми тәсіл және жеке кәсіпкерлердің бастамасы бір арнаға тоғысуы тиіс. Біз «шикізат елі» деген аттан арылып, әлемді сапалы әрі таза өніммен қамтамасыз ететін аграрлық державаға айналуымыз қажет. Бұл - келешек ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік.

**Нуримов Ерлік Кыдыралиевич - Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының PhD, аға оқытушысы.**

**Қосай Альмира Халмырзақызы, Бөрібай Ерасыл Талғатұлы - Стандарттау және сертификаттау мамандығының 3-курс студенті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.**

## ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ JAҢAHDANU KEZEҢINDE: SAQTALU JOLDARY MEN NAQTY ULGILER

Қазіргі әлем жаһандану мен цифрлық технологиялар заманында өмір сүруде. Бұл үрдіс халықтарды жақындастырып, мәдениеттерді тез арада бөліседі. Дегенмен ұлттық мәдениет пен идентичность сақтау мәселесі көбіне сыналады. Түркі халықтары - қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, татар және басқа да елдер - өздерінің тілін, салт-дәстүрін, өнерін жоғалтпау үшін белсенді әрекет жасап келеді.

Тіл - мәдениеттің ең басты тірегі. Түркі тілдері тобына жататын тілдер арасындағы ортақтық пен ұқсастық мәдени байланысқа мүмкіндік береді. Қазақтар «Қобыланды батыр», қырғыздар «Манас», өзбектер «Алпомыш», түріктер «Деде Қорқыт» сияқты эпостарды мектептерде оқытады. Бұл шығармалар ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибені бүгінгі жастарға жеткізетін сабақ ретінде ақиқат маңызға ие.

Салт-дәстүр мен мейрамдар да ұлттық болмысты сақтаудың маңызды бөлігі. Мәселен, қазақ қоғамында жыл сайын атап өтілетін **Наурыз мейрамы** ұлттық тағамдардан бастап, салт-дәстүрлерге дейін ұрпаққа ұлттық мәдениетті түсіндіреді. Бұл күн - халық бірлігін нығайтып, ұлттық тамырларына қайта оралатын мереке. Қырғыз халқы үшін дәстүрлі сүттен жасалған сусын **кумис** пен оған арналған фестивальдер - елдің рухани байлығын сақтауға бағытталған мәдени шаралар қатарында. Түркі халықтарында осындай мерекелер бүгінге дейін халықтық сана мен бірлікті қолдаушы рөл атқарады.

Жаһандану дәуірінде **цифрлық технологиялар** ұлттық мәдениетті сақтауға үлкен мүмкіндік берді. Қазақстанда «**Ұлттық кітапхана**» мен «**Электрондық кітап қоры**» сынды платформалар қазақ әдеби шығармаларын

онлайн таратып, жас ұрпаққа қолжетімді етеді. Бұл бастама қазақ тіліндегі классикалық шығармаларды оқу мен зерттеуді жеңілдетеді. Өзбекстан мен Түркияда да ұқсас жобалар бар: ұлттық эпостар мен фольклорлық материалдар YouTube, TikTok және Instagram сияқты платформаларда белсенді жарияланып, жастардың мәдени дәстүрлерімен танысуына жол ашады.

Сонымен қатар медиа жобалар ұлттық музыка мен қолөнерді сақтау мен насихаттауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, түрік киноиндустриясы тарихи фильмдер арқылы ұлттық салт-дәстүр мен тарихты экранға шығарып, халықаралық аудиторияға таныстыруда. Қазақстандағы деректі фильмдер мен мультимедиялық жобалар қазақтың ұлттық салт-дәстүрін көрнекі түрде көрсете отырып, мәдениетке қызығушылықты арттыруға септігін тигізеді.

Тарихи мұра - халқымыздың рухани қазынасы. «Өткенді білмесең, болашағыңды бағдарлай алмайсың» деген халық даналығы бүгінгі күнге дәл келеді. Сондықтан түркі әлемінде тіл, әдебиет, өнер, дәстүр мен жаңа технологияларды біріктіре отырып, ұлттық мәдениетті сақтап қалу - бүгінгі ұрпақтың маңызды міндеті.

Жаһандану - бұл жаңа мүмкіндіктер кезеңі. Әлем азаматтары бір-бірінің мәдениетімен танысып, ортақ тәжірибе жинауда. Дәл осы кезде ұлттық мәдениетті сақтау, тілдік, этникалық және рухани ерекшелікті дәріптеу - болашақ ұрпаққа берілетін ең құнды сабақтың бірі.

**Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы**  
**Тұран университеті, Журналистика факультетінің 4-курс студенті**

## ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІН ТАНЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тіл мен мәдениет - ажырамас ұғымдар. Әрбір тіл халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, тарихы мен ұлттық құндылықтарының көрінісі болып табылады. Өзге тілді оқу арқылы адам сол тіл иесі болатын ұлттың өмір салты мен ұлттық сана-сезімі туралы ақпарат алады. Сондықтан шетел тілін оқыту тек тілдің лингвистикалық құрылымын, сөздерін жаттау ғана емес, мәдениетаралық қарым-қатынас құрумен тең.

Шетел тілдері мұғалімі тіл үйренушілерге түркі әлемі туралы баяндап, түркі халықтарының салт-дәстүрімен, әдебиет шығармалары және мәдениетімен таныстыра алады. Мұғалім тек сол мәдениеттің өкілі болып қана қоймай, түркі әлемін дәріптеуші, мәдениетаралық көпір ретінде де рөл атқарады. Мысалы, сабақ барысында ұлттық мейрамдар, сол мейрамдарда көрініс табатын дәстүрлер, ырымдар, жөн-жоралғылар жайында талқылауға болады. Мұндай білім тіл үйренушілердің әлемді тереңірек танып-білуіне септігін тигізеді.

Тіл үйренуде тек сол шетел тіліндегі контентті қолдану жеткіліксіз. Кез келген адам шетелдіктермен кездескен кезде бір-бірінің мәдениеті, ұлттық ерекшеліктері жайында ақпарат алмасады. Мұндай жағдайда шетел тілінде өз ұлты жайында айта білу маңызды. Сондықтан контент ретінде түркі әлемінің тарихы мен мәдениеті туралы мәтіндерді оқыту және талдау; ұлттық ойындар туралы материалдарды қолдану, пікірталас ұйымдастыру; қазақ әдебиетінің көрнекі өкілдері жайында дөңгелек үстел жүргізу; ұлттық тағамдар туралы зерттеу жасау секілді түрлі тапсырмаларды ойластыруға болады. Осылайша, тіл үйренушілер тіл үйренумен қатар, түркі әлемі бойынша дүниетанымын да кеңейтеді. Нақты мысалмен айтқанда, тіл үйренушілер рөлдік ойындар көрсетуіне болады. Бір оқушы шетелдік турист, бір оқушы қазақ баласы. Қазақ студент бала шетелдік туристке гид ретінде қызмет көрсетіп, Алматының ма-

дени жерлерін көрсетеді. Келесі мысал - «Түркі мәдениеті мен Батыс мәдениеті ерекшеліктері» тақырыбында дискуссия өткізу. Әр оқушы бір мемлекеттің мәдениеті бойынша презентация дайындап, басқаларына таныстырады, сұрақтарына жауап береді. Мұндай тапсырма арқылы оқушылар түркі мәдениетімен ғана емес, Батыс елдері мәдениетімен де таныс болып, дүниетанымын кеңейтеді.

Университет қабырғасындағы шетел тілін оқытын студенттер халықаралық конференцияларда түркі әлемі немесе өз мәдениеті жайында шетел тілінде мақалалар жазып, шетелдіктерге таныта алады. Осы арқылы олар да түркі мәдениетін танытуға өз үлестерін қосады. Шетел тілі мұғалімдері де халықаралық конференцияларға, семинарларға қатысып, түркі әлемі туралы баяндамалар жасауына болады. Кәсіби саласындағы белсенділігі арқылы ол өз оқушыларына да үлгі болады.

Жаһандану кезеңінде шетел тілін білу - өзекті заман талаптарының бірі. Ұлттар арасындағы байланыс тек тіл білуден шетелмейді, мәдениетаралық коммуникацияның орын алуын білдіреді. Осы себепті мәдениетаралық күзиреттілікті дамытып, адамдар өз мәдениетін жетік білуі, ұлттық дәстүрлерді мақтан тұтуы, басқа ұлттармен арадағы мәдени ерекшеліктерді ажырата білуі маңызды. Мұғалімдер жастардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруға ықпал етеді. Қорыға келгенде, шетел тілі ұстаздары түркі әлемін танытуға зор үлес қосады.

**А.Джумабаева**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Түркітану және тіл теориясы факультетінің 1-курс магистранты**  
**А.М.Текесбаева**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты**

«Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,  
Үйренерсің, іздеп көрсен – қалмасаң,  
Қу өнерді, бу белінді, жігер сал,  
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң».

Бұл өлең жолдарының авторы Жүсіпбек Аймауытов. Ақынның осы сөздері бүгінгі жас ұрпаққа арналғандай әсер қалдырады. Білім алуға ұмтылып, жаңа дүниені танып-білуге талпынған адам ғана рухани әрі интеллектуалдық тұрғыдан өседі. Осындай маңызды кезеңде бізге үлкен өмірдің бағыт-бағдарын түсінуге көмектескен оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Бұл мақаланы да біз өзіміз білім алған қасиетті қара шаңыраққа арнамақпыз.

Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – ерекше мәртебеге ие Қазақстандағы жетекші классикалық жоғары оқу орны. Ол жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымды инновациялық

## АБЫРОЙЫ БИІК УНИВЕРСИТЕТ

тұрғыдан дамытуда ұлттық көшбасшы ретінде танылған. Сонымен қатар университет еліміздің жоғары оқу орындары арасында Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығы иегері атанған алғашқы оқу орны болды. Quasquarelli Symonds халықаралық рейтинг агенттігінің деректеріне сәйкес, университет әлемдік білім беру бағдарламалары бойынша 401-450 орын аралығында орналасқан. Қазіргі таңда мұнда Қазақстанның барлық өңірлерінен келген 20 мыңнан астам студент және алыс-жақын шетелдерден келген жастар білім алады.

Университет бірнеше жылдар бойы 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық бағыттағы мамандықтар бойынша ба-

калаврлар, магистранттар мен докторанттарды даярлап келеді. Білім ордасының 14 факультетінде көптеген ғылыми мектептер қалыптасқан. Олардың қатарында механика-математика, физика, биология, химия, филология, журналистика, тарих, география, философия және саясаттану, экономика және бизнес, заң, шығыстану, халықаралық қатынастар және шетел азаматтарына арналған дайындық факультеттері бар.

ҚазҰУ ғылыми инфрақұрылымы да кең ауқымды. Мұнда республикадағы іргелі зерттеу бағдарламаларының шамамен 50 пайызы жүзеге асырылатын 20 ғылыми-зерттеу институты мен халықаралық ғылыми орталықтар жұмыс істейді. Сонымен қатар университет жанында колледж, біліктілікті арттыру институты және

әскери кафедра бар. Әскери кафедрада білім алған түлектер қосымша әскери мамандық алып, Қазақстан Қарулы күштері, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік құрылымдары және кеден қызметінде жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемнің 400-ден астам университетімен халықаралық ынтымақтастық орнатқан. Бұл байланыстар білім мен ғылым саласындағы тәжірибе алмасуға, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамытуға жол ашып отыр. Мәселен, 2023 жылдың басында университет ректоры Жансейіт Түймебаев бірқатар мемлекеттерге ресми сапармен барып, халықаралық әріптестікті одан әрі нығайту бағытында келіссөздер жүргізді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Шолекенова Арай Буркүтқызы, Бошқаев Қуантай Авазиевич**

## ҚАЗҰУ – БІЛІМ мен ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Бүгінде еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 90 жылдық мерейтойын атап өтуде. 1934 жылдың 15-қаңтары Қазақстандағы алғашқы көпсалалы университеттің ресми ашылған күні ретінде тарихта қалды. Университет құрылған сәттен бастап еліміздің әлеуметтік-саяси дамуына, ғылым мен экономикасының өркендеуіне зор үлес қосып келеді.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті халықаралық білім және ғылым кеңістігінде лайықты орнын иеленген, әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орындарының қатарына қосылған университеттердің бірі саналады. Алғашқы ұлттық университеттердің бірі ретінде оның тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Университеттің ашылуы ең алдымен ұлттық кадрларды даярлау мәселесін шешуге бағытталған еді. Сол жылдары оқу орнының қалыптасуына университеттің алғашқы ректоры Федот Оликов ерекше үлес қосты. Өткен ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай Қазақ Мемлекеттік университетінің құрамында бес факультет пен қазақ жастарына арналған дайындық бөлімі жұмыс істеген.

Тәуелсіздік жылдарында университет жаңа даму кезеңіне қадам басты. 2006 жылы жоғары білім беру сапасын арттырудағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығы лауреаты атанды. Сонымен қатар бірқатар білім беру бағдарламалары халықаралық сертификаттаудан өтті. Осы кезеңде университет қалашығын кеңейту мен жаңарту жұмыстарының екінші кезеңі басталды.

Университеттің басты мақсаты – сапалы білім беру, терең ғылыми-зерттеулер жүргізу, инновациялық жаңалықтарды өндіріске енгізу және жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Сонымен қатар студенттерді елін сүйетін, қоғам алдында жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде тәрбиелеуге де ерекше көңіл бөлінеді.

Егер сіз мектепті тәмамдағалы тұрған талапкер болсаңыз, бұл оқу орны сізге үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Университет төрт жылдық мемлекеттік гранттардан бөлек, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан және оқу үлгерімі жоғары студенттерге жыл сайын түрлі жеңілдіктер қарастырады.

Соңғы бес жылда университеттің инфрақұрылымы да айтарлықтай кеңейді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғимараттарының жалпы аумағы шамамен 40 пайызға артты. Бұл нысандардың көпшілігі мемлекеттік-жеркешелік әріптестік қағидаттары негізінде салынған.

Ғасырға жуық тарихы бар университеттің мерейтойы халықаралық деңгейдегі маңызды оқиғаларға толы болмақ. Мұндай ауқымды іс-шаралар еліміздің жоғары білім беру саласындағы беделін арттырып, Қазақстанның білім беру жүйесінің халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Д.Оразалиев, М.Е.Абишев**

## АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ: БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ТОҒЫСҚАН ОРТАЛЫҒЫ



Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті (ҚазХҚ және ӘТУ) – Қазақстандағы көптілді білім беру саласындағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Университет халықаралық стандарттарға сай мамандарды даярлап, тіл білімі мен халықаралық қатынастар саласында жоғары деңгейдегі білім беруді мақсат етеді.

1940 жылы негізі қаланған ҚазХҚжәнеӘТУ көпжылдық тарихында Қазақстанның білім беру жүйесінде ерекше орынға ие болды. Университет мамандары мен түлектері мемлекеттік қызметте, дипломатиялық миссияларда, халықаралық ұйымдарда, аударма ісінде, журналистикада және басқа да салаларда табысты еңбек етуде.

ҚазХҚжәнеӘТУ шетелдік университеттермен және халықаралық ұйымдармен белсенді түрде жұмыс істейді. Erasmus+, DAAD, Fulbright және басқа да бағдарламалар студенттер мен оқытушыларға шетелде білім алып, тәжірибе жинауға жағдай жасайды.

ҚазХҚжәнеӘТУ студенттері жан-жақты даму үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етілген. Университет кітапханасы әлемдік ғылыми әдебиеттерге қолжетімділік береді, ал заманауи аудиториялар мен зертханалар білім алуға қажетті барлық инфрақұрылыммен жабдықталған.

«Аударма ісі» білім беру бағдарламасы аясындағы арнайы пәндер мен бейіндік пәндер бірінші шет тілінен қазақ/орыс тіліне және

қазақ/орыс тілінен бірінші шет тіліне жазбаша аударманы, парақтан аударма жасау, дәйекті аударма, екіжақты синхронды аударма секілді ауызша аударма негіздерін қамтиды. Университеттің шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығы аясында жоғары GPA көрсеткіші бар студенттер АҚШ, Германия, Испания, Италия, Франция, Қытай, Корея және басқа да елдерде үш айдан астам уақытқа қысқа мерзімді білім алу мүмкіндігіне ие.

Шетел тілдері сөйлеу практикасы кафедрасы мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі кафедрасы болып табылады. Бұл құзыреттілік – жеке тұлғаның ана тілі мен басқа мәдениет туралы білімін, осы білімді практикалық қолдану дағдылары мен қабілеттерін, сондай-ақ олардың іске асуына ықпал ететін жеке қасиеттер жиынтығын қамтиды. Сонымен қатар, басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу барысында оны қолданудың практикалық тәжірибесін де қамтиды. Осылайша, кафедра қызметі шет тілін және шетел мәдениетін меңгеру барысында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Біздің студенттеріміздің оқудағы басты артықшылықтарының бірі – екі шет тілін қатар меңгеруі. Ағылшын тілімен қатар, студенттер екінші шет тілін де үйренеді: неміс, француз, итальян, испан, корей немесе қытай тілдері.

Кафедраны PhD Куримбаева Айжан Муратовна басқарады. Кафедраның оқытушылық құрамында 10 оқытушы бар, олар педагогика және аударма ісі магистрлерінен, ғылым кандидаттарынан, PhD докторларынан және қауымдастырылған профессорларынан құрылған.

Кафедра оқытушылары жыл сайын біліктілігін арттырып, отандық және халықаралық семинарларға, вебинарларға және курстарға қатысады. Сондай-ақ, біздің оқытушыларымыз шетелде ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан өтіп, Еуропа мен АҚШ-тың жетекші университеттерінен сертификаттар алған.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ – тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар мәдениеттер мен идеялардың тоғысқан орталығы. Егер сіз сапалы білім алғыңыз келсе және болашағы зор халықаралық маман болуды армандасаңыз, бұл университет сіз үшін ең дұрыс таңдау!

## КІТАП ОҚУ – АДАМ ОЙ-ӨРІСІН КЕҢЕЙТЕДІ

Кітап оқу – адам ой-өрісін кеңейтетін, білімін арттыратын және шығармашылық қабілетін дамытатын ең тиімді тәсілдердің бірі. Технологиялар қаншалықты дамыса да, кітаптың орны ерекше және оны оқу арқылы адам өзін жетілдіре алады.

Кітап оқуды қалай әдетке айналдыруға болады?

1. Күнделікті жоспарға енгізу. Күніне кем дегенде 20-30 минут кітап оқуға уақыт бөлу.
2. Қызықты жанрды таңдау. Өз қызығушылығыңызға сай жанрларды оқу оқуға деген құштарлықты арттырады.

Кітап оқу – өзін-өзі дамыту мен білім алудың негізгі құралы. Ол адамның ойлау қабілетін жақсартып, өмірге деген көзқарасын кеңейтеді. Сондықтан, кітап оқуды әдетке айналдыру – болашаққа жасалған ең маңызды инвестициялардың бірі.

**Физика техникалық факультетінің доценті, м.ф.-ғ.к. В.О.Курманғалиева. 8D05306 -Физика О.Ағыл-Мұсапар**

## СУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Су – тіршіліктің қайнар көзі, жер бетіндегі барлық тіршілік иелері үшін маңызды табиғи ресурс. Ол адам ағзасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және күнделікті өмірде, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және басқа да салаларда кеңінен қолданылады.

Судың экологиялық маңызы

1. Экожүйелердің тұрақтылығын сақтайды. Су ормандар, көлдер, өзендер және теңіздердегі биологиялық әртүрліліктің негізгі факторы болып табылады.
2. Ауа райын реттейді. Мұхиттар мен теңіздер климаттық өзгерістерге ықпал етеді, жауын-шашынның түсуіне әсер етеді.

**Физика техникалық факультетінің доценті, м.ф.-ғ.к. В.О.Курманғалиева. 8D05306 -Физика Б.Масақ**

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ пен АДАМ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ – БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

Жасанды интеллект бүгінде адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда көпшілік оны адамды алмастыратын күш ретінде қабылдайды. Шын мәнінде, ИИ адамды емес, оның мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған технология.

Адам мен жасанды интеллекттің ынтымақтастығы жаңа идеялар мен шешімдер туғызуға жол ашады. ҚазҰУ сияқты білім ордaları осындай ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Болашақ мамандар ИИ-ды тек құрал ретінде емес, серіктес ретінде қолдануды үйренуі тиіс.

**Физика техникалық факультетінің доценті М.Хасанов. 8D05306 -Физика Ж.Бейсенбекова**

## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі заманның ғылым саласы жаңа технологиялар мен терең теориялық зерттеулерді талап етеді. Сол бағытта үлкен рөл атқаратын білім орталығының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (ҚазҰУ) дың теориялық және ядролық физика кафедрасы. Бұл кафедра – тек физика саласында білім беріп қана қоймай, сонымен бірге еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға және халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңызды орталығы.

Теориялық және ядролық физика кафедрасы 2011 жылы теориялық физика кафедрасы мен ядролық физика, ядролық энергетика және технология кафедраларының бірігуі нәтижесінде құрылған. Бұл кафедра физиканың терең теориялық аспектілеріне, оның ішінде ядролық және элементар бөлшектер физикасына бағытталған.

ҚазҰУ дың физика факультеті халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуде. Университет әлемнің 400 ден астам жоғарғы оқу орындарымен студенттер мен оқытушылар алмасу, ғылыми жоба және зерттеу бағыттарында жұмыс істейді.

Ол байланыстардың нақты мысалдары:

Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымы (CERN) мен ынтымақтастық. Бұл ұйыммен ҚазҰУ арасында 2019 жылдан бері фундаменталды және ядролық зерттеулер, сондай ақ ғылыми кадрлар даярлау саласында өзара әрекеттесу туралы ниет декларациясы бар. Бұл ынтымақтастық шеңберінде жоғары энергиялы физика бойынша жазғы мектептер мен семинарлар ұйымдастырылады.

Халықаралық ядролық зерттеу қауымдастығы (JINR) және басқа әлемдік ғылыми орталықтармен байланыс. ҚазҰУ физика саласында мамандарды 60 тан астам жыл бойы даярлап келе-

ді және оның түлектері CERN, JINR, RIKEN, Франция, Германия және Америка сияқты ғылыми орталықтарда жұмыс істейтіндігі атап көрсетілген.

ҚазҰУ да физика саласында өткізілетін ғылыми форумдар мен конференциялар да халықаралық деңгейде өтеді. Мысалы, National Research Nuclear University MEPhI секілді шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен хакатондар мен ғылыми жарыстар ұйымдастырылады, ол студенттердің техникалық және ядролық технологияларды практикалық түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Бұл кафедрадағы дайындық бағдарламалары жоғары теориялық дайындықтан бастап қолданбалы ядролық технологиялар мен энергетикаға дейінгі бағыттарды қамтиды. Студенттер ғылымдағы өзекті мәселелерді талдау мен зерттеу жүргізуді үйренеді, халықаралық стандарттарға сай зертханалық жұмыстар атқарады және елдің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған жобаларға қатысады.

ҚазҰУ дың теориялық және ядролық физика кафедрасы – тек білім беретін орын ғана емес, сонымен бірге халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту мен іргелі зерттеулер жүргізетін орталық. Университет әлемдік ғылыми қоғамдастықпен белсенді байланыста болып, студенттер мен оқытушыларға теориялық физика саласында практикалық мүмкіндіктер береді.

**«Ядролық физика» мамандығының 4-курс студенті:  
Тлеулес Нұрасыл,  
ф-м.ғ.к. теориялық және ядролық физика кафедрасының  
профессоры: Жаугашева Сауле Аманбаевна**

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰСТАЗ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген нақыл сөздің мағынасына терең үңілсек, оның астарында үлкен философиялық ой жатқанын аңғарамыз. Әр адам өз өмірінің жалғасын ұрпағынан көргісі келеді. Сондықтан келер ұрпақтың саналы, білімді әрі тәрбиелі болып қалыптасуы – қоғам үшін аса маңызды міндет. Осы орайда қара шаңырақ ҚазҰУ-дың ұстазы ретінде, шәкіртімен бірлесіп отырып, білім мен тәрбие туралы ойымды ортаға салғым келеді.

Бүгінгі жас буын – ертеңгі елдің болашағын қалыптастыратын азаматтар. Сондықтан олардың қандай жол таңдайтыны, қандай құндылықтарды бойына сіңіретіні баршамызды ойландыруы тиіс. Біз сол болашақтың жарқын болуына қаншалықты үлес қосып жүрміз? Осындай сауалдар әрбір ұстаздың жүрегінде орын алатыны анық. Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінен үміт пен сенім табуға болады.

Ұрпақтың болашағы олардың саналы тәртібі мен сапалы біліміне тікелей байланысты. Сондықтан университет өмірінде заман талабына сай өзгерістер енгізу – басты міндеттердің бірі. Менің мақсатым – университет өмірінде қазіргі уақыттың сұранысына жауап беретін жаңашыл бағыттарды дамытуға үлес қосу. Әріптестерімнің жаңа әдістерді қолдануы, түрлі бастамаларға белсенді қатысуы мені де үлкен ойларға жетелейді.

Бүгінгі таңда алдымызда отырған шәкірттер – ертең ел тағдырын қолына алатын азаматтар. Сондықтан олардың жан-жақты дамуы үшін бар күш-жігерімізді салу – біздің парызымыз. Болашақтың келер негізін қалыптастыру үшін әрқайсымыз белсенділік танытып, жаңа идеялар мен тың бастамаларды жүзеге асыруға ұмтылуымыз қажет.

Әлеммен терезесі тең ел болу үшін шәкірттеріміз білімді, батыл, жігерлі әрі мақсатшыл болуы тиіс. Ал мұндай ұрпақты тәрбиелеу үшін ең алдымен ұстаздар қауымы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеріп, жаңашылдыққа ұмтылуы керек. Қоршаған ортадағы өзгерістерді көре отырып, білім саласының дамуына деген сенімім арта түседі.

Алдымызда тұрған басты міндет – біліктілік пен ұстаздық шеберлікті ұштастыра отырып, шәкірттерді биік мақсаттарға жетелеу. Оларды білім мен рухани құндылықтар арқылы үлкен белестерге шығару – әр ұстаздың арманы. Әрине, бұл жолда жауапкершілік жүгі ауыр. Дегенмен ұстаз үшін қиындыққа мойымай, әр кедергінің шешімін табу – кәсіби ұстанымның бір бөлігі. Бұл – нағыз көшбасшы ұстаздың жолы.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы: Жеткеншек Әсем,  
Г.Сайдуллаева**

## БІЛІМ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК – БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі күні білім алуға мүмкіндік беретін оқу орындары мен бағыттар өте көп. Дегенмен мектеп бітіруші түлектер мен олардың ата-аналары үшін ең маңызды мәселе – сапалы білім беретін, заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау. Мемлекет басшысының «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөзі білімнің ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді. Жоғары оқу орны – ғылыми ізденістер жүргізіліп, кәсіби мамандар даярланатын маңызды білім ордасы. Осындай іргелі оқу орындарының бірі – көп жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Қазақстандағы жетекші университеттердің бірі саналатын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ге жыл сайын еліміздің әр өңірінен мыңдаған талапкер құжат тапсырады. Алайда бұл оқу орнына тек білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті жастар ғана қабылданады. Осындай талаптардың нәтижесінде университет түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болып, түрлі ірі компаниялар мен ұйымдарда қызмет атқарады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде университеттер халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән береді. Осыған байланысты студенттер, магистранттар және докторанттар үшін академиялық мобильдік бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарламалар арқылы жастар шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар университетте заманауи ғылыми кітапхана жұмыс істейді. Онда студенттер қажетті оқу материалдарын орталықтандырылған жүйе арқылы оңай таба алады. Электронды кітапхана жүйесі арқылы керекті кітапқа онлайн тапсырыс беріп, оны оқу бөлімдерінен алу мүмкіндігі

қарастырылған. Кітапханада интернет желісінің болуы студенттерге тек оқулықтармен ғана емес, шетелдік ғылыми журналдар мен басылмаларды да пайдалануға жағдай жасайды.

ҚазҰУ-дегі білім беру үдерісінің тағы бір ерекшелігі – кең ғылыми база, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы және студенттердің ғылыммен айналысуына жасалған мол мүмкіндік. Сонымен қатар бұл оқу орны жастар үшін қызықты әрі белсенді студенттік өмірімен де ерекшеленеді. Университетте түрлі мәдени, ғылыми және қоғамдық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп отырады. Студенттер өз уақытын шығармашылыққа бағыттап, жаңа идеялар мен көзқарастар қалыптастырады.

Бүгінде ҚазҰУ тек Қазақстандағы ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы беделді халықаралық университеттердің бірі ретінде танылып отыр. Университет әлемдік білім кеңістігінде өз орнын қалыптастырып, ғылыми зерттеулер мен білім беру сапасын дамыту бағытында тұрақты түрде жұмыс жүргізуде. Мұнда студенттердің білім алуына, ғылыми ізденіс жүргізуіне және жеке тұлға ретінде қалыптасуына барлық жағдай жасалған. Осы жетістіктердің нәтижесінде Білім сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігінің ұлттық рейтингінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жыл сайын жоғары орындардан көрініп келеді. Бұл – университеттің ғылым мен білім саласындағы көшбасшылық деңгейін дәлелдейді.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті  
Рысбаева Альбина Канатқызы,  
PhD, қауымдастырылған профессор, Теориялық және  
ядролық физика кафедрасының доценті:  
Сарсембаева Айғаным Тнысбековна**

## ҰСТАЗ – БИІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Білім жолында адамның қалыптасуына әсер ететін көптеген факторлар бар. Соның ішінде ең маңыздысы – ұстаздың рөлі. Себебі әр саланың қыр-сырын үйретіп, бізді алға жетелейтін тұлғалардың бірі – ұстаздар. Сондықтан шәкірттің жетістігі мен дамуы көбіне сол ұстаздың еңбегімен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда мен еліміздің беделді оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де білім алып жүрмін. Университет табалдырығын аттаған сәттен бастап бізге өз білімін аямай бөлісіп жүрген жандар – біздің ұстаздарымыз. Олар тек дәріс оқып қана қоймай, бізге өмірлік бағыт-бағдар беріп, болашаққа сеніммен қарауға үйретеді. Осындай жүрегімізде ерекше орын алған ұстаздар туралы айтпай кету мүмкін емес.

Әсіресе ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетіне қарасты теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушылары біз үшін ерекше құрметке ие. Әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бізге түрлі пәндерден дәріс оқып келеді. Олардың берген білімдерімен қатар, біз сол кісілерден тәрбие, адамгершілік және өмірлік тәжірибе үйренеміз десек артық емес.

Осы ұстаздарға деген алғысымды білдіру үшін мына бір өлең жолдарын арнағым келеді:

Үйреттіңіз мына бізге бәрін де,

Бұл өмірдің ғажап сондай сәнін де.

Қоса оған жалықпай еш айттыңыз

Бөледіңіз бізге білім нәрін де!

Аталған кафедра тек білім берумен ғана шектелмей, ғылыми жобалармен де белсенді айналысады. Мысалы, робот жасау, «Атом» жобасы, жалпы салыстырмалық теориясы сияқты күрделі ғылыми бағыттар бойынша зерттеулер жүргізіледі. Осындай тақырыптарға қызығушылық танытқан студенттер кез келген уақытта ұстаздарынан кеңес алып, өз сұрақтарына жауап таба алады.

Ұстаздардың қолдауы мен бағыт-бағдарының арқасында біз өз мақсатымызға сенімді түрде қадам басып келеміз. Бүгін өткен жолымызға көз жүгіртсек, дәл осындай білікті әрі жана-шыр ұстаздардың жолымыздан кездесуі – үлкен бақыт екеніне көз жеткіземіз. Сондықтан мен үшін осындай тұлғалардан білім алу – мақтаныш әрі үлкен мүмкіндік деп білемін.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы: Төрбек Ақжан  
Ғалымжанқызы, Сайдуллаева Гозял Гайнидиновна**

## БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ ЖОЛЫ

Білім алу – бір күнде аяқталатын іс емес. Ол адамның бүкіл өміріне жалғасатын үздіксіз процесс. Тек білім арқылы ғана адам болашағына қарай біртіндеп алға қадам жасай алады.

Ежелден халқымыз білімнің құндылығын ерекше бағалаған. Соның дәлелі – «Білетті бірді, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөз. Бұл мақалдың мәні бүгінгі заманда бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Қазіргі дәуір – күшке емес, білім мен ақылға сүйенетін кезең. Заманауи әлемде мемлекеттің қуаты да, дамуы да ең алдымен ғылым мен білімнің деңгейімен өлшенеді. Алайда тек білім алып қана қоймай, оны өмірде дұрыс пайдалану да маңызды. Білім алу – үлкен еңбек пен табандылықты талап ететін ұзақ жол. Сондықтан білімсіз өмірдің мәні толық болмайтыны айтылып келеді.

Халқымыз «Жастар – болашаққа бастайтын алтын көпір» деп бекер айтпаған. Өсіп келе жатқан әрбір жас өз қабілетіне және алған кәсіби біліміне сүйене отырып, қоғамдағы орнын табуы тиіс. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы да жастардың белсенділігіне, олардың қоғамдық-саяси өмірге деген көзқарасына және болашаққа деген сеніміне тікелей байланысты. Сол себепті жастар тәрбиесінде олардың дүниетанымын қалыптастыруға, мәдениеті мен саяси сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлу қажет.

Әрбір жас өзін елінің патриоты ретінде сезініп, ұлттық намысын жоғары ұстай білуі керек. Тәуелсіз елдің жастары бейбіт аспан астында өмір сүріп, мемлекетіміздің айқын мақсаттарына жету жолында аянбай еңбек етуі тиіс. Ел сенімі мен үмітін ақтау – бүгінгі буынның басты міндеттерінің бірі. Халқымыз «қыстың қамын жаз ойла» деп, әрдайым болашақты алдын ала ойлауды насихаттап келген. Сондықтан Қазақстанның жарқын келешегі үшін әрбір азамат өз үлесін қосуы қажет.

Сонымен қатар бүгінгі күні еліміздің беделді оқу орындарының бірі – ҚазҰУ студенттеріне деген сенім де ерекше. Университет қабырғасында білім алып жүрген жастардың жігері, талпынысы мен ізденісі олардың болашақта үлкен жетістіктерге жететінін көрсетеді. Осындай қайсар әрі білімге құштар жастар ел дамуына үлес қосып, қоғамның жаңа белестерге көтерілуіне ықпал ететіні сөзсіз.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті:  
Құралбек Жандос Орынбасарұлы, ф-м.ғ.к. теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті: Имамбек Оңласын**

## ЖАСТАР және ӨЗГЕРІС: БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДЫҚ

Қоғамдағы кез келген жаңару ең алдымен адамның өзінен басталады. Алайда көп жағдайда біз өзгерісті өзімізден емес, айналамыздан іздейміз. Сондықтан бүгінгі жастардың өзгеріске қалай бейімделіп жатқанын ой елегінен өткізу маңызды.

Негізінде, әрбір жылды жастарға арналған кезең деп қарастыруға болады. Себебі елдің ертеңі – жас буынның қолында. Осы тұста әр жас өзіне маңызды сұрақтар қоя білуі тиіс: «Қазіргі уақытта неге көбірек көңіл бөлу керек? Өзгерістерге қалай дайындаламыз? Қоғам мен мемлекетке пайдалы болу үшін не істеуіміз қажет?» Осындай сауалдарға жауап іздеу – саналы жастың басты міндеттерінің бірі.

Халқымыз «Жастар – болашаққа бастайтын алтын көпір» деп бекер айтпаған. Әрбір жас өз қабілеті мен алған біліміне сүйене отырып, қоғамнан лайықты орнын табуы тиіс. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы да, қоғамдық-саяси өмірдің белсенділігі де жастардың көзқарасы мен ертеңге деген сеніміне тікелей байланысты. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеу барысында олардың дүниетанымын қалыптастыруға, ақпараттық және саяси мәдениетін дамытуға ерекше назар аудару қажет.

Жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі мемлекетіміздің даму стратегияларында да кеңінен

айтылған. «Қазақстан – 2050» стратегиясында ел болашағы жастардың білімді, еңбекқор әрі отансүйгіш болып қалыптасуымен тығыз байланысты екені атап көрсетілген. Бабалар дәстүрін сақтай отырып, жаңа заман талаптарына бейімделген ұрпақ қана елді алға бастыра алады. Сондықтан әрбір азамат Қазақстанның жарқын болашағы үшін өз үлесін қосуы керек.

Бүгінгі таңда еліміздің беделді оқу орындарының бірі – ҚазҰУ студенттеріне артылар үміт те ерекше. Университет қабырғасында білім алып жүрген жастардың талпынысы, жігері мен ізденісі олардың болашақта үлкен жетістіктерге жететініне сенім ұялатады. Осындай білімді әрі белсенді жастар қоғам дамуына өз үлесін қосатыны анық.

Қорытындылай келе, жас ұрпақтың бойынан жақсы қасиеттерді байқау – болашаққа деген сенімді күшейтеді. Өйткені бүгінгі жастар – ертеңгі ел тірегі. Ұлттық рухы мықты, білімді әрі мақсатшыл жастар бар жерде елдің келешегі де жарқын болары сөзсіз.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:  
Төлеген Дінмұхаммед Есбосынұлы,  
Жәми Бақытжан Асқарбекұлы**

## ҰСТАЗ бен БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ұжымында ұстаздардың рөлі ерекше бағаланады. Оқытушылардың тәжірибесін үлгі ету, олардың еңбегін дәріптеу арқылы жастарға жан-жақты тәрбие беру – университеттің ғылыми-зерттеу университеті ретінде қалыптасуындағы маңызды ұстанымдардың бірі.

Еліміздің талантты жас мамандарын қолдау, олардың жетістіктерін көпшілікке таныту және докторанттар, магистранттар мен студенттерге үлгі ету – жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттырады. Бұл өз кезегінде ұлттық білім мен ғылымның дамуына, саналы әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге үлкен үлес қосады.

Университет ұстаздары студенттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да ықпал етеді. Білікті әрі тәжірибелі оқытушылар күрделі теориялар мен ғылыми тұжырымдамаларды түсіндіруде әртүрлі әдістерді қолдана отырып, білімді терең әрі түсінікті түрде жеткізеді. Қиындықтар туындаған жағдайда шыдамдылық танытып, студенттердің тек жетістікке жетуіне ғана емес, өмірдің түрлі сынақтарынан сабақ алуына да көмектеседі. Сонымен қатар жастарды креативті ойлауға, өз мүмкіндіктерін дамытуға және мақсатқа жетуге жігерлендіреді.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – еліміздің абыройын асқақтатып, халық мүддесін жоғары қоятын білімді де саналы жастарды тәрбиелеп келе жатқан жетекші оқу орындарының бірі. Бұл университет тек бүгінгі күннің емес, болашақтың да мықты мамандарын даярлауды жалғастыра бермек.

Сондықтан да өмірдегі ең маңызды әрі жауапты шешімдердің бірі – дәл осы университетті таңдау болды деп сеніммен айта аламын. Уақыт өткен сайын бұл таңдаудың дұрыс болғанына көзім тағы да жете түседі.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:  
М.С.Сейдалиева, Ф.Б.Белисарова**

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тұлғанды арманға ұқсатқанмын,  
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын.  
Есімде әліппені жаттатқызып,  
Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның.

Бүгінгі таңда қоғамда түрлі өзгерістер орын алып жатыр. Оның ішінде оң нәтижелер де, күрделі мәселелер де кездеседі. Осындай уақытта «Бұл өзгерістерді дұрыс бағытқа кім бұрады?» деген ой көпшілікті толғандырады. Әрине, болашақта қоғамды алға жетелейтін өскелең ұрпақ, яғни жастар. Дегенмен барлық жауапкершілікті тек жастарға жүктеу дұрыс емес. Елдің дамуына әрбір азаматтың үлесі маңызды. Соған қарамастан, ғылым мен білім қарқынды дамып жатқан заманда өсіп келе жатқан жастардың рөлі ерекше екені анық. Сондықтан қоғам олардың білімді, саналы болып қалыптасуына үлкен үміт артады.

Ұстаз – қоғамдағы ең маңызды тұлғалардың бірі. Ол тек білім беріп қана қоймай, жас ұрпаққа бағыт-бағдар көрсететін жетекші. Қазіргі заман мұғалімі рухани бай, әлеуметтік тұрғыдан дамыған, шығармашыл әрі жаңашыл болуы керек. Сонымен қатар өз ісін жетік меңгерген кәсіби маман болып, түрлі педагогикалық әдістерді тиімді қолдана білуі тиіс. Жаңа қоғам ұстазы үнемі өзін жетілдіріп, заман талабына бейімделе алатын тұлға болғаны маңызды.

Бүгінде педагог мамандығын таңдаған жас мамандардың саны артып келеді. Бұл – болашақ білім саласының дамуына деген сенімді күшейтеді. Жастардың мұғалім мамандығына қызығушылық танытуы қоғам үшін үлкен жетістік деп айтуға болады.

XXI ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры. Осы кезеңде студент жастардың білімге деген құштарлығы ерекше байқалады. Әсіресе, ҚазҰУ студенттері өздерінің белсенділігімен, ізденісімен көзге түсіп жүр. Университет қабырғасында білім алып жатқан жастардың жетістіктері олардың болашақта ел дамуына үлкен үлес қосатынына сенім ұялатады.

Студенттердің білімін арттыру мақсатында ҚазҰУ түрлі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырып келеді. Университет халықаралық байланыстарды кеңейтіп, шетелдік жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу мүмкіндігін ұсынады. Мысалы, Жапониядағы Осака университетімен байланыс орнатылып, студенттерге білім мен тәжірибе алмасуға жол ашылған. Мұндай бағдарламалардың басты мақсаты – жастардың білімін жетілдіріп, әлемдік деңгейде тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беру.

Қазіргі уақытта мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті болуы үшін білімді, жан-жақты дамыған жастар қажет. Осы мақсатта ҚазҰУ қабырғасында жүзеге асырылып жатқан түрлі жобалар мен білім беру бағдарламалары болашақ мамандардың кәсіби дамуына үлкен ықпал етуде. Білімді ұрпақ – елдің жарқын болашағының кепілі.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Тагаев Бекжан**

## БІЛІМ мен ИГІЛІКТІҢ ОРДАСЫ

«Жастық шақ тек бүгінін ойласа, кемел жас өткенін де, болашағын да назардан тыс қалдырмайды» деген сөздің авторы – Фернандо де Рохас. Бұл ой адам өміріндегі білім мен тәжірибенің маңызын айқын көрсетеді.

Бір ғасырға жуық тарихы бар Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенті атану, осында білім алып, көркіне көз тоймайтын студенттік қалашықта оқу – еліміздегі көптеген жастардың арманы. Мұның өзіндік себептері де аз емес.

Біріншіден, ҚазҰУ-дың көпжылдық тарихында оның беделіне көлеңке түсірер жағдай болмаған. Бұл оқу ордасының білім сапасы жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Университетте студенттердің тек кәсіби білімін жетілдіру ғана емес, олардың мәдениеті мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру да басты назарға алынады. Сол себепті жастардың жан-жақты дамуына барлық мүмкіндік жасалған.

Екіншіден, осы білім ордасынан түлеп ұшқан мамандар еліміздің әр саласында жемісті еңбек етіп жүр. Мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет атқарып жүрген көптеген тұлғалар да дәл осы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қабырғасында білім алған. Олар алған білімін ел игілігіне жұмсап, қоғам дамуына өз үлестерін қосуда.

Үшіншіден, әрбір адам үшін өзгеге көмек көрсету – ең ізгі істердің бірі. Студенттік шақта білім алумен қатар, қоғамға пайдалы болуды мақсат еткен жастар үшін бүгінде түрлі мүмкіндіктер бар. Ал ҚазҰУ осындай бастамаларды қолдайтын орта қалыптастырған. Соның нәтижесінде «елім, жерім» деп еңбек ететін белсенді студенттер өсіп келеді. Енді университеттің осындай үлгілі бастамаларына тоқталып өтейік.

Университет құрамында көптеген студенттік ұйымдар мен қайырымдылық қорлары жұмыс істейді. Олардың басты мақсаты – Алматы қаласындағы балалар үйлеріне қолдау көрсету, тарбиеленушілерге білім жағынан көмектесу және әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін жандарға жәрдем беру. Соңғы жылдары университет жастары Ардагер қариялар үйі, Жанұя кешені, №1 балалар үйі сияқты мекемелермен тығыз байланыс орнатып, көптеген қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді.

Осылайша, еріктіліктің әртүрлі бағыттары бойынша жүзеге асырылатын жұмыстар қоғамға пайдасын тигізіп қана қоймай, студент жастардың да тұлғалық қалыптасуына оң әсер етеді. Мұндай игі бастамалардың арқасында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттері ел мақтанышына айналып келеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:  
Қапан С., Бексолтанова Б.**

## СЕНІМ – ӨМІРДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Өзіне сенбеу – біздің көптеген сәтсіздіктеріміздің басты себептерінің бірі» деген ойдың авторы – Кристиан Боуви. Шынында да, адам өмірінде сенім ерекше орын алады. Сенім – адамның мінезіндегі ең нәзік сезімдердің бірі. Оны кейде шыныға теңеуге болады: егер сол сенім бір рет сынса, оны қайта қалпына келтіру өте қиын.

Қарапайым тілмен айтқанда, бір адамға сенім арту үшін көп уақыт, сабыр және шынайы қарым-қатынас қажет. Сол себепті кейбір адамдар өмір бойы ешкімге толық сенім арта алмай өтеді. Ал егер адам тек өзіне ұнайтын жандарға ғана сенетін болса, онда мұндай сенімнің мағынасы терең болмайды. Керісінше, кез келген адамға ойланбастан сене беру де дұрыс емес. Бұл жағдайда адам аңғалдық танытып, өзіне зиян келтіруі мүмкін.

Сондай-ақ, адам біреуге терең ойланбай сенім білдірсе, ол кейде өзгенің алдында жеңілетек болып көрінуі мүмкін. Ал қиын жағдайда тұрғандықтан ғана біреуге сенім арту да дұрыс шешім бола бермейді. Мұндай жағдайда адамдар арасындағы қарым-қатынас ұзаққа бармауы ықтимал. Бірақ сенімге лайық адамға сенуге батылдық танытпау да үлкен қателік болуы мүмкін. Өйт-

кені мұндай жағдайда адам өміріндегі шынайы достық пен жылылықтан айырылып қалуы ғажап емес.

Сенім – адамдарды жақындастыратын ерекше күш. Ол адам мен адам арасындағы қарым-қатынастың негізгі дәнекері іспетті. Егер сен біреуге сенім артсаң, сол адамның да саған сенуіне мүмкіндік беріп, өзінің адалдығыңды дәлелдей білуің қажет. Әр адам өзгенің сеніміне ие болуға лайық.

Өз өмірімде де сенімнің қаншалықты маңызды екенін түсіндірген бір жағдай болды. Университетке алғаш келген кезде бәрі біз үшін жаңа еді. Үлкен қала, жаңа орта, бейтаныс адамдар. Алғашында ешкімге сенбей, барлығын өзіміз жасауға тырысатынбыз. Бірақ уақыт өте келе адамға дос керек екенін түсіндім. Қиындықта қолдау көрсететін, қуанышта бірге қуана алатын жанның болуы – үлкен бақыт.

Бір күні қара шаңырақ ҚазҰУ-де университет кітапханасында бір студентпен таныстым. Ол да мен сияқты білімге құштар, еңбекқор жан болып шықты. Оның үстіне біз бір мамандықта оқиды екенбіз. Уақыт өте келе біз жақын араласып, бір-бірімізге сеніп, жақсы досқа айналдық. Сол сәттен бастап мен оның

сенімді, адал адам екенін түсіндім. Ол менің көңілімді ешқашан қалдырған емес және сенімдімді ақтап келеді.

Өмірден түсінгенім – қиындықтан қашып жүре берсең, сынақтар одан сайын көбейе береді. Ал қиындықты жеңе білген кезде ғана адам өзіне деген сенімділік табады. Сол кезде өз мүмкіндігіңді де жақсырақ түсінесің. Егер дәл сол сәтте жаныңда қолдау көрсететін досың болса, кез келген кедергіні жеңуге болады.

Егер адамда мақсат, табандылық және ұмтылыс болса, ол қандай қиындық болса да еңсере алады. Мұның бәрі адамға өзіне деген сенімділік сыйлайды. Сондықтан өмірдің қай кезеңінде жүрсеңіз де, мектеп бітіруші түлек болсаңыз да, студент болсаңыз да немесе өз жолын тапқан азамат болсаңыз да ең алдымен өзіңізге сеніңіз. Өйткені өзіне сенген адам ғана өмірде биік белестерді бағындыра алады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:  
М.Р.Кенесарин**

## ҒЫЛЫМ мен БІЛІМНІҢ ТОҒЫСҚАН ОРТАЛЫҒЫ

Қазіргі заманғы ғылым мен техника күрделі әрі көпқырлы зерттеулерді қажет етеді. Сол себепті Қазақстандағы іргелі білім орындарының бірі – Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (ҚазҰУ) өзінің физика техникалық факультеті арқылы студенттер мен зерттеушілерге заманауи білім беру мен ғылыми зерттеулер жүргізудің кең мүмкіндігін ұсынады. Бұл факультет студенттерді теориялық және ядролық физика, қолданбалы физика, оптика мен фотоника, электрондық және кванттық технологиялар, сондай-ақ жоғары энергиялы физика салаларында дайындайды. Оқу бағдарламасы заманауи зертханаларда тәжірибелік жұмыстар жасауға, есептерді теориялық тұрғыдан талдауға және ғылыми жобаларды орындауға бағытталған.

Факультеттің ерекшелігі – теория мен практиканы бірлестіру. Мұнда оқытушылар студенттерге тек пәнді оқытумен шектелмей, оларды ғылыми ізденістерге тарту, зерттеу жобаларын жүргізуге үйрету арқылы кәсіби қабілеттерін дамытады. Студенттер мен магистранттар релятивистік және кванттық жүйелерді зерттеу, жоғары энергиялы бөлшектердің физикасы, термо- және статистикалық физика, қолданбалы ядролық технологиялар салаларында ғылыми жұмыстар жүргізеді.

ҚазҰУ физика техникалық факультеті халықаралық ынтымақтастыққа ерекше мән береді. Студенттер

мен оқытушылар Еуропа, Азия, АҚШ және Жапония университеттерімен бірлескен зерттеулер жүргізеді. Мысалы, Халықаралық ядролық зерттеу орталығы (JINR) және Еуропалық ядролық зерттеу ұйымы (CERN) сияқты ірі ғылыми орталықтармен серіктестік студенттерге теориялық білімді халықаралық деңгейде тексеруге, тәжірибе жинауға және ғылыми жарияланымдарға ат салысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, факультет студенттік өмірді белсенді ұйымдас-тырады: ғылыми клубтар, жарыстар, хакатондар және факультет деңгейіндегі жобаларға қатысу арқылы студенттер шығармашылық пен көшбасшылық қабілеттерін дамытады.

Физика техникалық факультет студенттерді теориялық білім мен практикалық зерттеулерді біріктіру арқылы халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маманға айналдыруға бағытталған.

ҚазҰУ физика техникалық факультеті – Қазақстандағы ғылым мен білімнің тоғысқан орталығы, мұнда студенттер заманауи технологиялар мен зерттеулерде тәжірибе жинап, кәсіби деңгейін арттырады, сондай-ақ еліміздің ғылыми әлеуетін дамытуға өз үлесін қосады.

**Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:**  
**Қалыбай Ерсултан Қуанышұлы**

## ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫ – АРМАН мен БІЛІМ МЕКЕНІ

Мақаланы бір студенттің түскен кездегі ойымен бастасақ:

«Бұл – ҚазҰУ. Армандар мекені. Мұнда оқитын адамдарда арман жоқ болар. Керемет оқу орны. Сапалы білім. Арманы биік адамдар. Барлығы бір-бірімен байланысып тұрғандай.»

ҚазҰУ менің мекенім,

Мақсатыма жетемін.

Бір өзіңмен әрқашан

Болашаққа сенемін.

ҚазҰУ – еліміздегі беделді, мәртебесі жоғары, атағы аспанға жеткен білім ордасы. Оның жетістігі бір күндік еңбекпен келген жоқ. Университеттің іргетасы қаланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін дамуы – білімді ұстаздардың қажырлы еңбегі мен жастардың ғылымға деген құштарлығының нәтижесі. Сол себептен Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің жетекші оқу орындарының бірі болып отыр.

Атауының өзі бір ерекше әсер береді. Оны айтқанда: «Міне, менің оқу орным!», «Міне, менің білім ордам!» деп мақтаныш сезімін білдіреміз. Университет талантты жастарға өздерін танытуға мол мүмкіндік береді. Жыл сайынғы байқаулар, студенттік ұйымдар, түрлі білім саласындағы жа-

рыстар – бәрі де жастардың дамуына жол ашатын алаңдар.

Көп жағдайда ҚазҰУ-ді «ҚазҰУ қалашығы» деп те атайды. Бұл атау орынды. Өйткені университет – кішкентай қала тәрізді: бірінен кейін бірі орналасқан факультеттер, студенттік жатақханалар, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, жастарға арналған кішігірім саябақ – барлығы бір орталыққа жинақталған. Сонымен қатар, әлемдік рейтингте ҚазҰУ биылғы жылы үздік 200 ЖОО қатарына енгенін атап өтуге болады.

Білім ордамыздың символына айналған Әбу Насыр Өл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өту де маңызды. Өл-Фараби – көрнекті ойшыл, ұстаз, философ, шығыстың Аристотель іліміне негіз салушы. Оның қалдырған тәрбиелік мәні бар еңбектері мен нақыл сөздері бүгінгі ұрпаққа мол азық бола береді.

Сыйластық пен шынайы махаббат мекеніне айналған, дарынды студенттерді біріктірген, тұлға болып қалыптасуға ықпал еткен, достық пен білімді қатар дамытатын ҚазҰУ қалашығының тұғыры мәңгі биік болсын!

**Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:** Куатбекова Анеп Танатқызы, Сайдұллаева Г.Г

## ҒЫЛЫМҒА АШЫЛҒАН ЕСІК

Қазіргі заманғы ғылым мен техника күрделі әрі көпқырлы зерттеулерді талап етеді. Сол себепті Қазақстандағы іргелі білім орындарының бірі – Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (ҚазҰУ) өзінің теориялық және ядролық физика кафедрасы арқылы студенттер мен зерттеушілерге заманауи білім беру мен ғылыми ізденістерді жүргізудің кең мүмкіндігін ұсынады. Кафедрада студенттер теориялық физика, релятивистік жүйелер, кванттық механика, термо- және статистикалық физика, элементар бөлшектер физикасы, қолданбалы ядролық технологиялар салалары бойынша терең білім алады.

Кафедраның ерекшелігі – теориялық білімді практикалық зерттеулермен ұштастыру. Мұнда оқытушылар студенттерді тек пәнге үйретумен шектелмей, ғылыми жобаларға қатыстыру, тәжірибелік жұмыстар жүргізу және ғылыми жарияланымдар жасау арқылы олардың кәсіби қабілеттерін дамытуға бағытталған. Студенттер кафедра жетекшілерімен бірлесіп, өздерінің ғылыми бағыттарын нақтылау мүмкіндігіне ие, бұл олардың білімді терең түсінуіне және зерттеу дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Теориялық және ядролық физика кафедрасы халықаралық ғылыми ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөледі. Студенттер мен оқытушылар Еуропа, Азия, АҚШ және Жапония университеттерімен бірлескен ғылыми жобалар жүргізеді. Мысалы, Халықаралық ядролық зерттеу орталығы (JINR) және Еуропалық ядролық зерттеу ұйымы (CERN) сияқты ірі ғылыми орталықтармен серіктестік студенттерге теориялық білімді халықаралық деңгейде тексеруге, тәжірибе жинауға және ғылыми жарияланымдарға ат салысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кафедрада студенттер ғылыми конференциялар, семинарлар, хакатондар және ғылыми жарыстарға қатысып, шығармашылық пен көшбасшылық қабілеттерін дамытады.

ҚазҰУ физика кафедрасы – Қазақстандағы ғылыми ізденістер мен білімнің орталығы, мұнда студенттер теориялық білімді практикамен ұштастырып, ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық тәжірибе жинауға, кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік алады және еліміздің ғылыми әлеуетін дамытуға өз үлесін қосады.

**Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:**  
**Мағзом Адила Мирасқызы, Бексолтанова Б.О.**

## АРМАН ЖАЙЛЫ БІРЕР ОЙ

«...Арман деген көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар».  
Ғабиден Мұстафин

Арман... Бұл сөз тек 5 әріптен тұрса да талай адамды ойдың тұңғығына батырып, қиялдың шыңына шығарып келеді. Иә, армансыз адам – қанатсыз бұлбұл деп жатамыз. Шынымен де кеудесінде жаны бар әр адамның көкейінде кішкентай болсын бір арман жатары сөзсіз. Мына өмірде армансыз адам жоқ шығар, сірә?

Арман – әр адамның қиялы мен қалауынан туған биік шың, ғажайып сезім. Ол адаммен бірге өзгеріп отыратын өмірдегі ең күшті ынталандырушы күш десек те болады. Біз өз арманымызбен ұйықтап, сол арманмен таңды атырамыз. Көпшілік «Армандау бос әурешілік» деп жатады. Сондай адамдардың да кеудесінде титтей де болсын бір сезім, санасында сайрап жатқан арманы бар екендігі анық. Себебі, арман – қиялдың жетегінде кеткен орындалмас нәрсе деп ойласақ, қатты қателескеніміз. Осы тұста ойыма әлемді мойындатқан спортшы Мұхаммед Әлидің бір сөзі келіп отыр: «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман, мақсат чемпионды тудырады» деген екен. Арманымыз анық, мақсатымыз нақты болса, адам баласының алмайтын қамалы, шыға алмайтын шыңы жоқ.

Менің де өзгелер секілді алдыма қойған мақсаттарым, қиялымда тамырын кеңге жайған асқақ арманым бар. Иә, армандар орындалады. Себебі баршамыз бала күннен бір нәрсені армандап, оған қол жеткізгенде келесі арманымызды жүзеге асыруға асықтық. Сол армандардың бірі мектепті аман-есен бітіріп, еліміздің «мен» деген мықты оқу орнына түсу еді. Арманым қазір орындалды. Мен Алматының қақ ортасында орналасқан, тарихымызда ойып тұрып орын алған Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті атандым. Жалпы армандарымыз әрдайым орындалады. Тек біз оған шынайы ниетпен, бар ынтамен сеніп, тоқтаусыз әрекет етсек болғаны.

Менің бала кезден бері келе жатқан арманым бар. Ол да жақын арада міндетті түрде орындалуы тиіс. Ол арман – ел көріп, жер аралап, кәсібилігімді шыңдап, білікті әрі тәжірибелі маман атану. Әрине, бұл әр адамның мақсаты шығар. Бірақ, ол үшін еңбек етпесеңіз айқындалған мақсатыңыз да бұлыңғыр болатынын естен шығармаңыз!

Ел көріп, жиһанкез атану үшін сіздің тіл білуіңіз қажет. Көп тілді білсеңіз сіздің көп тынысыңыз ашылатын болады. Сол үшін де өз мақсаттарыңыз үшін әрекетке көшетін кез келді. «Бәрі кеш» деп екі қолды бір сілтесеңіз сіздің таудай арманыңыз шағылып, өміріңіздің мәнін жоғалтқандай боласыз. Сондықтан тездетіп әрекетке көшіңіз.

Мен өз арманым үшін қолымнан келетіннің бәрін жасаудамын. Білімді алып, ҚазҰУ-лық ұстаздардың арқасында тіл білімді жетілдіріп, өмір атты үлкен теңізде ештеңеге соғылмай тұзу келемін. Әрине, оның бәрі арманым адалдық танытып, жанымға ғылымды серік еткенімнің арқасы деп білемін. Қолыма дипломымды алып, ел үшін қызмет етіп, өзге елдің тәжірибесін жинақтап, даму бәрі өз қолымда!

Менің арманым – менің болашағым. Бұйыртыса, болашақта өз ісімнің шебері болып, өз саламның Эверестіне табан тіреп тұратын күнге де жетемін деген үміттемін. Ғабиден Мұстафин: «...Арман деген көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар» – демекші, армандарымыз таусылмасын, қиялдағы армандарымыз өмірде өз орнын тауып, дйттеген мақсаттарымыз орындала берсін! Бұл менің арман туралы біреу ойым болатын...

**PhD, аға оқытушы Каликулов Оразалы Абилхасимович.**  
**1-курс магистранты Абилкасым Балжан**

## СТУДЕНТТЕР МЕН ЖЕТЕКШІЛЕРДІҢ РЕЛЯТИВИСТІК ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (ҚазҰУ) дың физика техникалық факультетінде теориялық және ядролық физика кафедрасы бар. Бұл кафедра ядролық физика, релятивистік астрофизика және салыстырмалы теория сияқты физиканың іргелі салаларын терең зерттеуге бағытталған ғылыми педагогикалық орталық болып табылады.

Кафедра магистратурасы мен PhD бағдарламаларының оқу жоспары төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- Жоғары энергиялар физикасы
- Элементар бөлшектер теориясы
- Релятивистік астрофизика және космология
- Элементар бөлшектер теориясындағы симметриялар
- Кванттық хромодинамикаға кіріспе

Бұл пәндер студенттерге термодинамика мен салыстырмалы теорияны кең ауқымда түсінуге, сондай ақ теориялық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.


Кафедрада ғылым мен білімнің синтезін дамытатын заманауи зертханалар мен зерттеу жобалары бар. Соның арқасында студенттер теориялық білімді практикалық есептерге қолдануға, ғылыми жарияланымдарға қатысуға және халықаралық деңгейдегі физика зерттеулеріне белсенді түрде араласуға жағдай жасалған.

Менің қазіргі дипломдық тақырыбым геометротермодинамика шеңберінде релятивистік объектілердің термодинамикалық қасиеттерін зерттеу. Бұл тақырып бойынша жетекшімен бірлесіп отырып зерттеу жүргізудеміз. Зерттеу барысында термодинамикалық тепе теңдікті сипаттауда геометриялық формализмді қолдану мен релятивистік жүйелердің физикалық қасиеттерінің өзара байланысын талдаймыз. Бұл бағыт теориялық физикада маңызды зерттеу бағыты болып табылады, себебі ол салыстырмалы теория мен термодинамиканы біріктіріп, термодинамикалық жүйелердің геометриялық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу саласы – қазіргі заманғы ғылымның белсенді дамып келе жатқан бағыты, оның нәтижелері термодинамикалық процестерді тереңірек зерттеп, физикалық жүйелердің көп аспектілі қасиеттерін талдауға мүмкіндік береді.

Геометротермодинамика – физиканың терең теориялық бағыты, ол термодинамикалық жүйелердің қасиеттерін геометриялық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. ҚазҰУ дың теориялық және ядролық физика кафедрасы осындай іргелі зерттеулерге негізделген оқу зерттеу орталығы ретінде қалыптасқан.

**Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Қабыл Арайлым Асқарқызы.**  
**Ф.м.ғ.к., теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры,**  
**физика-техника факультетінің деканы Н.А.Бейсен**



(Соңы, басы өткен санда)

Роман тас-түнек, тас-құрсау коммунистік идеологияның қараңғы, тымырсық ауасы, тынысты тарылтып, еңсені басып тұрған бір заманда жазылып бітіпті. Оның жарық дүниеге келер шағы ұлы дүрбелеңнің қарсаңы – таңғы қараңғылық шағы еді. Жариялылықтың шалғын майсасы өсіп шығар құнарлы топырақ сияқты болды-ау бұл роман. Қайбір ұлы шығарма болмасын дүниеге

отаршыл өкіметінің өкілі Фанти Филатпен Иссус арасындағы кінәласу процесін көрсету арқылы бүгінгі күн Иссус-Әбдидінің креске керілуі арасындағы тарихи әм реал шындықты ашып көрсету үшін.

3. Сталиндік, социалистік-коммунистік идеясымақтардың шын сиқын ашып әшкерелеу үшін дін тақырыбын өзек етіп алу керек болды деп батыл айтуға болатын сияқты.

Сол жылдарда (80 жылдарда) сол жағдайда «Жан пиди» көтерген идеяны басқаша оқиға, басқаша сюжет желімен айттып, басқаша жолмен жүру мүмкін бе еді? Жоқ. Олай болса жазушының бұл тәуекелі оның ұлы

елеусіз, ескерусіз басы артық адамдар емес еді. Басқаша айтқанда бұлардың бәрі де аталмыш «кемелденген социализмнің» кері кеткен, кесірілі тобырлары болатын.

Романның тұтас өн-бойында, жекелеген детальдар мен кейіпкерлер тағдырында, әсіресе ұнамды делінетін ізгі жандар тағдырында қан сасыған сойқанды сорақылықтар шарпысуларында майдандасу арқылы ылғи да ізгіліктің көбірек жеңілуі айқын ашық әйгіленіп, қоғамдық өмірдің нағыз болмысы таразыға тартылады. Былайша айтқанда, күні бүгінге дейінгі адамзат тағдыры, тарихы, мәлейі тек жан пидальқтың сөзсіздігін дәлелдеу мақсатына қызмет етеді. Олай болса,

# ҚАЙТКЕНДЕ АДАМ ҚАЛАД, АДАМ БОЛЫП...

## «Эйфельдейін мұнарасының маңынданы» оқығанда туған ойлар

Менің өмір жолымның тұтас сұлба-сұрлеуі осындай күнделік дәптерлер бетінде сайрап жатушы еді. Оны оқып отырып рахат сезіміне бөленуші едім. Дәптер сайын өз ой-қиялым мен қалам-қуатымның қалай өсіп, марқайып келе жатқанын көріп отырушы едім. Жақсы-жаман 30 жылдай күнделік жазған екенмін. Соңғы кезде Құдай алжастырып сол сүйікті ісімнен қол үзіп қалғаныма өкінішім де, өкпем де таудай.

Астананың аты астана ғой. Рухани өмір қазанының құлағына сәл де болса жақындаған сияқтымын. Алматының түбіндегі Райымбек ауылына келіп, қоныстанғаным төрт айдай уақыт болыпты. Жұлып-тартып кітап та оқи бастадым, кітап оқымай қалай қалыпты өмір сүруге болатынына таң қала бастадым. Өмірінде бір кітап оқымаған немесе аз оқитын адамдарды аяйтын болып жүрмін, кітапсыз күн көру – рухани ашаршылық емес пе? Барлық пәле-қазаның, барлық зұлымдық пен хайуандықтың күнәкәрі дәл осында жататын сияқты.

Бүгін басталғалы біраз уақыт болса да оқып тастауға уақыт таппай жүрген «Жан пиданы» жанпидальқыпен оқып шықтым. Кітапты оқып бола сала соңына былай деп жазыппын...

«Ой, сұмдық-ай, осындай сұмдықтың боларын жүрегім сезіне бастағалы бұл кітапты қалай оқып тауысардың бабын таппай қаным басыма шауып, тұла бойым бір ысып, бір суып отырды. Көкірегім шерге толып (жеті-сегіз жылдан бері жүйелеп кітап оқудың рахаты мен машақатын тартпай топастанған көкірегім) бастан кешпеген зіл-зала күйге түсіп едім.

«...Сөйтіп, сол бір күн де келіп жетті...» Осы сөйлем қайталанған сайын тынысым тарылып, дар тұзағы мойныма түсердей қысылдым. Бір ғажыбы әрі сол күнді тағатсыздана күттім де. Яғни көр көкірек Базарбай мен Қошқарбайдың Бостан қолынан әділ жазалануын асыға күттім. Бірақ, ол асығудың артында үрей де бар еді. Ол үрей қаншық қасқыр әкелер зауал – кінәсіз сәби қазасы – темір логика құрсауымен құрсауланып алқымды қысып келе жатыр еді. Дегенмен ондай сезімді сергек оқырман ғана, талантты әдеби шығарманың ішкі ағысын қалт жібермей бақылап отырған оқырман ғана сезіне алатын тылсым ағыс еді. Тек Шыңғыс сияқты (немесе тек Шыңғыс қана) ұлы дарындардың өресі жететін тылсым деуге болар.

осылай келуші еді ғой. Айтуға, жазуға болатын дүниені жазып, қай жазушы, қай ақын әлемдік тұғырға орныға алып еді. Толқынға, ағысқа қарсы қасқая жүзе алған қайсар таланттар ғана өз дәуірінің өзек жарды сөзін батыл да әділ көтере алған ғой.

Шыңғыс Айтматов «Жан пидасында» «Егер әлем өзінің ең ақ ниетті, адал жүректі идеалы ұлдарын бөрінен де қаталырақ жазалайтын заңдылық бар болса ше? Егер осы заңдылық өмір сүрудің, тіршіліктің тірегі болса ше? Егер әлгі идеялардың салтанат құру тәсілі осылай болса ше? Әлгі салтанаттың құны осылай боса ше?» деп бекер шырқыпаған екен.

«Жан пиди» – аты қандай тамаша, қандай салтанатты еді. Өмірге бір-ақ рет берілер қасиетті жан – тіршілік арқауын шорт үзіп пиде ететіндей қай мәжбүрлік, қай мұқтаждық немесе қай шарасыздықтан болды екен деп шұқшия үңілмеске шараң бар ма?

«Жан пиди» – кім үшін, не үшін кім жанын пиди ету керек. Кітап бастан-аяқ осы сұраққа жауап іздейді әрі оқырмандарды қосарына алып бірге іздейді. Сондай оқырмандардың бірі ретінде мен де талай шытырман сұрақтарға өзімше жауап іздеп, кейбіріне жауап тапқандай болдым. Соның бірі – мұсылман Шыңғысқа Мұхаммед пайғамбардың хақ дінінен, оның қайсар да, тапқыр әулиелері мен машайықтарынан, 33 мың сақабасынан үлгі алар бір Әбди немесе ондағы Иссус текті адам табылмағаны ма деген сұрақ болатын. Ойлана келе, мұнда толып жатқан себеп пен шығармашылық жасампаздық жасырынып жатқанын байқадым. Олардың ең бастыларының ішінен мыналарды атап өткім келеді.

1. Христиан дінін сөз еткендей болу арқылы автор ит те болса өзіміздің ит еді ғой дегендей өкімет пен идеология тұтқасын шеңгелдеп отырған, христиан дінін ұлттық намыс пен өктем амбициялық мүдде буына мастанып отырған орыс, славян тектес халықтарды алдарқатып тыныштандыру үшін.

2. Шын мәнінде Иссустың Құдай жолына, өзі ұстанған идеялар жолына басын бәй тігіп креске керілу фактісі мен Рим тергеушісі әрі Рим

лығының нышаны екеніне күмән қалмас.

Әбди Каллистратов кім? Жаңа Құдай, жаңа дін іздеуші – мына кірленген күнәкәр болған, қылмыс пен жәдігөйлік жайлаған жер шарын, оның жалғыз саналы қожасы адамзатты құтқару үшін тек дін, мораль-жаңа дін арқылы ғана жол табуға болады деп арпалысып жүріп осы жолда креске керілген Әбди – Иссус қой ол.

Жазушы Әбдиге арнайы бір сапар, қосымша бір сапар жасатты. Алғашқысы ғайыптың күшімен сәтті аяқталды. Ол ғайып күшке оқырман ешбір күмәнсіз, ешбір селкеусіз сеніп иланды. Былайша айтқанда жазушы өзінің талант құдіретімен арбап иландырғандай болды. Оқиға ретінде таңдап алған деталі қарапайым қара сора, қара сора сорлатқан нашақорлар, азғын ұрпақ тағдыры. Ал Әбдиді сорлатқан, түбіне жеткен екінші сапар тіпті де елеусіз, өмірде толып жатқан қосылулар мен айырылысулардың бірі сияқты Инга келіншекке байланысты белгілі махаббат шырғалаңынан туындаған Мойынқұмдағы қан қасап жортуылға ұласып барып (Гришаң жауыздан аман құтылған Әбди) Обер-Кандаловтың рақымсыз үкімімен креске керілуімен аяқталды. Қара сораға жорықта – Атаман Гришан, Петруха, Ленка, Мамаш, Коля, т.б. Әбдидің серіктестері кілең жастар. Ал ақбөкен жорығында орта жас және одан жоғарғы атаман Обер – Кандалов, Мишаш, Кепа, Гамлет-Галкин және Обериган Үзікбай қатарлы бес азғын Әбдидің өлімтік сүйегін сексеуіл тұғырға кірестеп кетті.

Қос жұп – тасшайнар мен аққұртқа бүкіл романның алтын арқауы, мәйегі десе болар. Ақырында, өзімен қоса пәленбай адамның қанды қазасына себеп болған бұл жыртқыштарсыз «Жан пиди» толық қанды дүние бола алмас еді. Бостан, Кенжеш, Базарбай (өттең парторг Қошқарбайдың ілікпей қалғаны өкінішті) трагедиясы қандай нанымды, қандай дәлелді, судың таудан бұлақ болып басталып ылдифа қарай сырғи келе дарияға айналатыны қандай табиғи болса, бұл трагедияда дәл солай, табиғи басталып, табиғи аяқталады.

Қайран Ерناзар, бақытсыз Гүлімхан, көк долы Көк Тұрсын, әрі-сәрі директор – бұлар да

біздің Әбди де, Бостан түгілі Ерназар, Аққұртқа да жан пидальқыға жаралған құрбандық екенінде қандай шүбә болмақ?!

Менің романды оқуды аяқтауға жақындаған сайын шошынып, жан дүниемдегі сурапыл зілзаладан үрейленуім әне сондай сөзсіз болмай қоймайтын жан пидальқтың ақырын алдын ала сезінуімнің нәтижесі еді. Демек, біздің мынау іріп-шіріген, бар мүмкіндігін тауысқан, алдамшы ұрандары жұртты мезі еткен «кемелденген социализмнің» сөзсіз күйрейтіндігін Шыңғыс Айтматов көрегендікпен болжап бергендей әсермен кітапты аяқтадым.

\*\*\*

Біз осыған дейінгі айтқандарымызды түйіндеу үшін сөзді көбейтпей Адамзаттың Айтматовының мына уәжіне тоқтауды жөн көрдік: «Біз әлеуметтік пе, мұраттық па, саяси ма тағы басқа қайсыбірін айтсаң да... біз келер ұрпақтарға, иә, иә, солай, оларға тағы да өзіміз, өзегіміз, өз тағдырымыз арқылы жол аштық. Тауарихта осындай жағдай, яки, түпкілікті төңкеріс және бүкіл бір ұрпақтың өзін-өзі жоққа шығаруы арқылы бүкіл дәуірді жаңғыртып, жаңартуы, қайталап айтамын, қанды құрбандықтарсыз түбегейлі өзгертуі, ай, құдайым-ау кездесе қоймаған шығар-ау!

Қалай ойласаң да еркің білгей. Былайша айтсақ, бостандықты ешкім де су тегін сыйлай салмас, сен оны қалай аңсадың десейші бір кездері. Ақыры алдың ғой. Кешіргін, шырақ, оның құны мына біздің ұрпақ. Бұдан әрі қалай болады, енді оны өздерің ойлаңдар, жаманды-жақсылы біз өз парызымызды өтедік...»

XXI ғасыр перзенттері ұлы адамның осы ұлағатты өсиетін ұмыта көрмеңіздер. Адам баласының ең осал мінезі оның ұмытшақтығында.

**Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН,**  
**Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ерте Орта ғасыр тарихы мен Іргелес елдер тарихы бөлімінің профессоры, Т.ғ.к., Қазақстан Жазушылар одағының Құрметті жазушысы.**

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ АЯСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУ

2026 жылдың 20 ақпанында Алматы қаласындағы «Ана үйі» ресурстық орталығында маңызды әлеуметтік-танымдық кездесу өтті. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының М02312 – «Шетел филологиясы (батыс тілдері)» мамандығының магистранттары Айтжан Б., Мұса Ә., Билал З., Дәуренбаева А. және аға оқытушылар Ә.Ж. Байелі мен Г.Ш. Акимбекованың ұйымдастыруымен «Тұрақты даму мақсаттары аясындағы серіктестік және кәсіби даму» тақырыбында университеттен тыс тәрбиелік іс-шара өткізілді. Іс-шара Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының 17-бағыты – «Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік» аясында ұйымдастырылды.

Кездесу өткен «Ана үйі» ресурстық орталығы қиын өмірлік жағдайға тап болған жас аналарға көмек көрсететін маңызды әлеуметтік мекемелердің бірі. Орталықтың басты мақсаты – ана мен бала арасындағы байланысты сақтап, сәбилердің балалар үйлеріне түсуінің алдын алу. Мұнда жаңа туған нәрестесі бар, өмірлік қиындықтарға тап болған аналарға уақытша баспана, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетіледі. Бүгінде Қор Қазақстанның 18 қаласында 21 «Ана үйін» ашып, нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді. Қордың 13 жылдық қызметі барысында 7395 әйелге дер кезінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетіліп, олардың балалары өз отбасында қалуына мүмкіндік алған. Сонымен қатар 1071 бала балалар интернаттарынан туған отбасына қайта оралған.

Іс-шараның басты мақсаты – орталық тұрғындарының кәсіби бағдарын қалыптастыру, қазіргі еңбек нарығының талаптары туралы ақпарат беру және қоғамдағы әлеуметтік серіктестіктің маңыздылығын түсіндіру болды. Сонымен бірге жас аналардың болашақ мамандығына деген жауапкершілігін арттыру, кәсіби дамуға бағыт-бағдар беру және түрлі әлеуметтік жобалармен таныстыру көзделді.

Кездесу барысында қатысушыларға мамандық таңдаудың маңызы мен еңбек нарығындағы қазіргі талаптар туралы кеңінен мәлімет берілді. Бүгінгі таңда жұмыс берушілер тек теориялық білімге ғана емес, практикалық дағдыларға, коммуникациялық қабілеттерге, шет тілдерін меңгеру деңгейіне және цифрлық сауаттылыққа ерекше назар аударатыны атап өтілді. Осы тұрғыда шетел филологиясы мамандығы түлектерінің аударма, білім беру, халықаралық компаниялар, туризм және мәдениетаралық коммуникация салаларында жұмыс істеу мүмкіндіктері бар екендігі түсіндірілді.

Сонымен қатар қатысушыларға жұмыс іздеудің заманауи тәсілдері таныстырылды. Онлайн платформаларды тиімді пайдалану, кәсіби желілерде жеке профильді дұрыс рәсімдеу, жұмыс берушілермен байланыс орнату, кәсіби байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды. HR агенттіктердің қызметі және олардың жұмыс іздеушілерге көрсететін көмегі туралы да ақпарат берілді.

Кездесу барысында резюме (CV) дайындау мәселесіне ерекше назар аударылды. Қатысушыларға сапалы резюмеңің құрылымы мен негізгі бөлімдері – жеке мәліметтер, білім, жұмыс тәжірибесі, кәсіби дағдылар және қосымша ақпаратты дұрыс көрсету жолдары түсіндірілді. Сондай-ақ жұмыс берушінің назарын аудару үшін резюме нақты, қысқа әрі мазмұнды болуы қажет екені айтылды. Практикалық мысалдар арқылы дұрыс және дұрыс емес резюме үлгілері көрсетіліп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берілді.

Іс-шара барысында тұрақты даму мақсаттарының 17-ші бағыты – серіктестік мәселесіне ерекше мән берілді. Қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері және әлеуметтік орталықтар арасындағы өзара ынтымақтастық қоғамның тұрақты дамуына үлкен үлес қосатыны атап өтілді. «Ана үйі» сияқты әлеуметтік орталықтардың қоғамдағы рөлі, әлеуметтік қолдау көрсету және түрлі ұйымдардың бірлескен жұмысы арқылы әлеуметтік мәселелерді тиімді шешу мүмкіндігі туралы кеңінен айтылды.

**Ұйымдастырушылар:**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушылары**  
**Ә. Байелі, Г. Акимбекова**

# АҚЫЛ ОЙ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Қазіргі таңда білім беру көздері көп. Жан жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау – бітіруші түлектер мен ата аналар алдында тұрған маңызды мәселе. Елдің дамуы мен болашағы – алдымен білімге инвестиция салуда.

Білім мен ғылымның маңызы туралы Қасым Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын ең басты күш» деп атап өтті. Бұл – білімнің қоғамдық дамуындағы рөлі мен маңызын айқындайтын сөздер. Жоғары оқу орны – ғылыми ізденіс пен кәсіби дайындықтың орталығы. Солардың бірі – тарихи мен дәстүрі бар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Еліміздегі жетекші университеттердің бірі ретінде ҚазҰУ ға жыл сайын Қазақстанның түкпір түкпірінен мыңдаған талапкер тапсырады. Алайда тек жоғары оқу көрсеткіші бар, шығармашылық ойлауы дамыған, ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті жастар ғана қабылданады. Бұл – университет түлектерінің еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуына әкеледі.

Қазіргі жаһандану заманында оқу орындары халықаралық интеграцияға бағытталады. Сол себепті студенттерге шетелде тәжірибе жинақтау мен алмасу мүмкіндіктері беріледі. Студенттер

орталықтандырылған кітапханадан қажетті ақпаратты тауып, оқуына қолжетімділік алады; электронды ресурстар мен интернет арқылы әлемдік ғылыми басылымдарды қолдана алады.

ҚазҰУ дағы оқу процесінің ерекшелігі – кең ғылыми база, жоғары білікті оқытушылар құрамы және студенттік белсенді өмір. Студенттердің шығармашылық бағыттағы жобаларға қатысуы – олардың ой өрісін кеңейтіп, өз пікірін ашық айтуға жағдай жасайды. Университет қабырғасында өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыс істейді, онда кез келген студент көшбасшылық қабілетін көрсете алады.

Бүгінде ҚазҰУ тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азия аймағында халықаралық деңгейдегі білім беру орны ретінде танымал. Мұнда студенттердің ойлау қабілетін дамыту, ақпаратты меңгеру және өзін-өзі жетілдіруіне барлық жағдай жасалған. Сол себепті университет Білім сапасын қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігінің ұлттық рейтингінде әрдайым жоғары көрсеткішке ие.

**Ф.-м.ғ.д., профессор М.Е. Абишев; 1 курс магистранты Адилканова Алина**

# ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ – ЖАС ҰРПАҚҚА ЖОЛ

Білімнің жетегінде әрқашан алға ұмтылу – мақсатқа жетудің алғашқы қадамы. Кешегі қате ойлардан сабақ алып, өз күшіне сену арқылы адам биіктерге жетеді. Осы жазбада біз Әбу Насыр әл-Фарабидің өнегесіне, оның ғылым мен білімге қосқан үлесіне тоқталмақпыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Әл-Фараби халықаралық орталығында әлемге Әл-Машани ретінде танымал фарабитанушы ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың бюстінің ашылу салтанаты осыдан бірнеше жыл бұрын өткен болатын. Мемлекеттік хатшы салтанатты рәсімде сөз сөйлеп, Екінші Ұстаз Әл-Фарабидің Қазақстан аумағында Отырарда дүниеге келгенін және қазақстандық фарабитану мектебінің негізін қалаушының осы ғылыми дәстүрді жалғастырудағы ерекше үлесін атап өтті.

1975 жылы ЮНЕСКО қолдауымен Алматыда өткен Әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық форум – қазақстандық ғалымдардың еңбегінің халықаралық мойындалуының айқын дәлелі болды.

Дөңгелек үстел барысында Қырымбек Көшербаев Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының қорытындыларын

айтып, мерейтойлық жыл ЮНЕСКО қамқорлығымен халықаралық деңгейде атап өтілгенін жеткізді. Пандемияға қарамастан, қазақстандық фарабитанушылар мен ғылыми қауым ұлы ойшылдың мұрасын елімізде және әлемге кеңінен насихаттауға атсалысты.

Мерейтойлық іс-шараларға халықаралық академиялық қоғамдастық, БҰҰ мен ЮНЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ, дипломатиялық миссиялар және жетекші шетелдік фарабитанушы ғалымдар тартылды. Сондай-ақ, Оксфорд университеті, Джавахарлал Неру университеті, Стамбул университеті, Каподистри атындағы Афина ұлттық университеті, София университеті, Дамаск университеті, Египет университеті сияқты шетелдік білім ордаларының қатысуымен бірқатар халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Әл-Фарабидің мерейтойы Үндістан, Сингапур, Малайзия, Индонезия елдерінде де аталып өтті. Жалпы, әлемнің 50 елінен 12 мыңнан астам адам халықаралық шараларға қатысты.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1 курс магистранты: Жүнісхан С.З., аға оқытушы, Абдраманова Г.Б.**

# АСЫЛ МЕКЕН

«Білім – ең маңызды аспап»  
Билл Гейтс

Өмір – адам баласының басын тауға да, тасқа да соғатын, атақ-абайың биік шыңға да жеткізетін қызық дүние. Осы қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырда адам баласының ең алтын қазынасы – білім. Себебі, одан ешкім де басындағы білімін, қызықты естеліктерін тартып ала алмайды. Адам баласы қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар деуге болады. Қай жыл болсын мектебінен түлеп ұшқан жас түлектермен қатар осынау бір керемет кезеңнің табалдырығын аттап, балалықпен қоштасып, еркелігін артқа тастап, жаңа бір белеске аяқ басады.

Әр адам үлкен арманмен өмір сүретіні белгілі. Сол Алатаудай асқақ армандар талайларды еліктіріп, алып Алматы шаһарына жетелейді. Мектепті кеше тәмамдаған түлектің ойында тек бір ғана дүние болатыны белгілі. Ол – жақсы оқу орнына түсу. Осы тұста талайды тұлға еткен, бұзықтарды тәрбиеге салып, білімді биікке жетелеген үлкен оқу орнының бар екенін айтпасақ та өзіңіз сезіп отырсыз. Әрине, ол – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Осыдан бірнеше жыл бұрын біздің де арманымыз шындыққа айналып, қара шаңыраққа оқуға түстік. Университеттің есігін айқара ашқан күннен бастап, әр студентті жаңа әлем, жаңа адамдар, жаңа достар, жаңа мүмкіндіктер қол бұлғап күтіп тұрады. Оған қоса біздің асыл мекен әр тұлғаны қайталанбас тұлға етіп, елім-жерім дейтін патриотты тәрбиелеп, білім мен тәрбиені тең ұстайтынын ескерген жөн. Осындай заңғар университеттің студенті атану әркімге бұйыра бермес бақ. Ал оқу орнының бір бөлшегі атанған әрбір студент осы қонған бақты аялау оның әрі қарайғы басты міндеті екенін ұғынса екен. Әл-Фараби бабамыз өз сөзінде «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет» деген екен.

Университет қабырғасында біз сол еркіндікті дұрыс пайдаланып, ҚазҰУ сыйлаған мүмкіндіктерді барынша жан-жақты пайдаланудамыз. Біздің мекенде біліктілігі жоғары, қазақтың



керемет ақын-жазушыларының алдын көрген, сол ұлы кісілерден дәріс алған оқытушы-профессорлар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер қызмет атқарып келеді.

Біліктіліктерінің басын қосқан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бүгінде 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық бағыт бойынша бакалавриаттарды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Осы жерде білім алатын барша студенттер үшін жан-жақты даму үшін көшбасшылық қабілетті қалыптастыру мақсатында өз-өзін кемелдендіріп, еркін, заманауи даму үшін бар жағдай жасалған. Сол бар мүмкіншілікті пайдалана білу әр студенттің өз қолында. Атап өтер болсақ, ғаламтор орталығы, Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтану бөлімшелері, студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет» компьютерлі-техникалық жабдықтар, аумағы кең спорттық кешен сынды орталықтар орналасқан. Онымен қоса ең бай кітапхана Әл-Фараби кітапханасы орналасқан. Қойнауы кітапқа бай, эәулім сарайлы кітапханамызда әр студент өзінің керегіне еш қиындықсыз қол жеткізе алады.

Осында оқитын және оқуға түсуді жоспарлап жүрген әр адам биік шыңға көтеріліп, өмірден, ғылым жолынан өз орнын ойып тұрып табуға жетелейтініне үлкен сеніммен қарауы тиіс. Мағжан Жұмабаев: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!» демекші, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың отаны, асыл мекен – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ: Сұлтан Аңсаған, Жәми Бақытжан**

# БІЛІМ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Қазіргі уақыт – білімділердің уақыты. Көп оқып, білімін практикада тиімді пайдалана алған адам ғана өз арманына жетеді. Осы тұрғыда, ғылым мен білімді қолдауға бағытталған еліміздегі басшының нақты іс-әрекеттері ерекше қуантады.

Президент қазіргі таңда ғылым мен білімге жеткілікті көңіл бөлінбегенін ашық айтты. Ол бұл салаларды ел дамуының драйвері ретінде қарастыру қажеттігін ерекше атап өтті. Мемлекеттік саясатты осы бағытта жүзеге асыру елімізге түбегейлі өзгерістер әкеліп, өркениетке серпіліс беретін маңызды қадам болатыны анық. Экономиканың барлық салалары жаңа білім, технология және инновацияларға негізделуі тиіс, бұл – жаңа экономикаға көшу үшін біртұтас үлгі.

Сондай-ақ, Президент отандық экономиканың жаңа құрылымын құру қажеттігін де атап өтті. Бұл құрылымда ғылым мен білім беру дербес сала ретінде, әрі өндіріс күшін қалыптастыратын маңызды фактор ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндай шаралар Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымдары елдерінің көрсеткіштерімен теңесуге мүмкіндік береді.

Докторантура гранттарының санын және құнын арттыру, постдокторантура бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысты бөлу – еліміздің ғылыми кадрларын қалыптастырудағы шешуші қадам. Қазақстанда алғаш рет Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да іске асырылған постдокторантура бағдарламасы жоғары тиімділік көрсеткені белгілі.

Алтыншы технологиялық құрылым аясында ресурстар мен назарды био- және нанотехнология, жасанды интеллект, виртуалды шынайылық сияқты бағыттарға шоғырландыру қажет. Барлық осы шаралар білім алушы әр азаматқа деген үлкен қолдау болып табылады және болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

**Ф.-м.ғ.к., профессор Жаугашева С.А., 1-курс магистранты Алкуатова Индира**

# ЖАС ІЗДЕНІМПАЗДЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕУ КЕРЕК?

Адамның тұлға болып қалыптасуы балалық шақтан басталады. Сол кезеңдегі тәрбие, қорқыныш, қуаныш, үрей – адамның өскен уақытында дұрыс жолға түсуіне немесе теріс бағытқа кетуіне әсер ететін ең маңызды фактор. Сондықтан жастық шаққа келгенде ғана ойланудың қажеті жоқ, балалық шақтағы ой мен әрекеттерді ата-аналар дұрыс бағыттауы аса маңызды.

Балалық шақтың ойларын,  
Қалдырдық өмір жолында.  
Өзгерту ой мен қатені  
Өзге емес, сенің қолыңда!

Еліміздегі үздік оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған талапкерлерді қабылдайды. Алайда оқу орнына тек білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, ізденімпаз және бәсекеге қабілетті жастар ғана қабылданады. Бұл, әрине, түлектердің ірі компаниялар мен жұмыс берушілер арасында сұранысқа ие болуына тікелей әсер етеді.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер халықаралық интеграцияға бейімделіп отыр. Студенттерге, магистранттар мен докторанттарға халықаралық академиялық мобильдік ұсынылады: олар тәжірибе алмасу және білім жинақтау үшін шетелге шығу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның озық ғылыми кітапханасы да студенттердің таңдауына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Жас ізденімпаздар барлық қажетті ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан ала алады. Электрондық кітапхана арқылы оқулықтарды сұрау жеткілікті, ал бөлімшелерге тапсырыс берілген кітаптар уақытылы жеткізіледі. Кітапханада интернет желісінің бар болуы шетелдік журналдар мен басылымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азиядағы халықаралық деңгейдегі білім беру орны ретінде танылған. Университет қабырғасында студенттердің ойлау қабілетін дамыту, ақпаратқа қол жеткізу және жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған. Сондықтан да Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз Қазақстандық агенттік жүргізген ұлттық рейтингте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жыл сайын бірінші орынды иеленеді. Бұл университеттің ғылым мен білім саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

**PhD, аға оқытушы,  
Калжигитов Нурсултан Кувандикович;  
1-курс магистранты Әбзелбекқызы Нұрғұл**

## БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ АЛТЫН КІЛТІ

Қиындыққа қарсы тұр, сен мойымай,  
Білімді жина әркез тойынбай.

Ақыл мен ой жетелейді сені алға,

Болғың келсе, жарқырап сен, Айым-Ай!

«Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз „Білекті бірді, білімді мыңды жығады“ деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаласы бүгінгі күні ерекше мәнге ие. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда, ал сол білімді тұрмысқа, игілікке жарата білу – ең басты критерий», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір», – дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ өз қабілетіне, кәсіби біліміне сай қоғамда өз орнын табуы тиіс. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі мен сеніміне тікелей байланысты. Сондықтан тәрбие мазмұны мен жастарды

тәрбиелеу олардың дүниетанымын қалыптастыруға, ақпараттық және саяси мәдениетін көтеруге бағытталуы қажет.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлттық намысқа адал сезініп, бойларында патриоттық қасиеттерді ұстануы маңызды. Еліміздің бейбіт аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарына ұмтылып, тек алға қадам жасауға тиіс. Ел сенімін ақтау – жастардың қолында.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері біз күтер үмітті толық ақтап отыр. Олардың бойындағы қайсарлық, шабыт, ұмтылыс – бұл жастардың қоғамға үлкен пайда әкелетінін көрсетеді және олардың ертеңгі күннің көшбасшысы болатынына сенім тудырады.

**Жетекші: ф.-м.ғ.к., профессор Бейсен Н.Ә.**  
**1-курс магистранты: Нәсен Дулат**

## ЖАСТАР МЕКЕНІ

*Жас мұраты, білім, тәлім – талабы...  
Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы.*  
Илияс Жансүгіров

Жастар – кез келген елдің болашағы, ұйытқысы, ертеңі. Сондықтан, елдің ертеңі жарқын болуы үшін оларға барлық мүмкіндіктерді ұсынып, білім мен тәрбиені бойларына барынша сіңіру қажет. Жалпы, тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз жастарды қолдауға басымдық беріп, осы бағытта көптеген шараны жүзеге асырып келгені белгілі. Әсіресе, соңғы уақытта ел жастарына көңіл бөлу, оларды барынша жан-жақты қолдау жұмыстары ерекше қарқынмен жүргізілуде. Мұның басты айғағы ретінде 2019 жылдың «Жастар жылы» деп жариялануын айта аламыз. Еліміздің екінші басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бағытта берген тапсырмалары аясында нақты әрі жүйелі шаралар қабылданып, жүзеге асырылған еді. Әрине, бұл міндет тек бір жылдың көлемінде шектеліп қалған жоқ. Жастарды қолдау шарасы жылдар бойы дәстүрлі түрде жалғасын да тауып келеді.

Осы орайда бүгін елімізде, жоғары оқу орындарымызда жас ұрпақты көтермелеу, ел ісіне тарту, заман талабына сай бейімдеу бағытында атқарылған шаруалардың бірқатарына тоқталып, ескеріп өтуді жөн көріп отырмыз.

Постиндустриалды қоғам жағдайында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі жоғары инновация мен технологияға қарай айқындалады. Осы тұрғыда біздің дана халқымыз «Асыл тастан – ақыл жастан» дегенді бекер айтпаса керек. Қазақстан дамушы мемлекеттердің қатарында болғандықтан еліміздегі әрбір жастың өзіндік орны мен идеясы өте маңызды! Біздің санамыздан туатын жаңа идеяларымыз, ойларымыз бен жаңалықтарымыз еліміздің ертеңі үшін аса қажет. Тек осындай толассыз еңбек пен шығармашылықтың арқасында ғана елімізді ғаламдық технологиялық үрдістермен сәйкестікте дамыта аламыз. Елімізде дамудың инновациялық жаңғырту үдерісіне сай бірнеше тәжірибелер мен жаңа идеяларды айқындау, қолдау мақсатында жаңа арнайы алаңдар құруға жағдай жасап отыр. Мысалы, интеллектуалды-шығармашылықты шыңдау мақсатында және талантты жастарды анықтау үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын «Мен жастарға сенемін!» атты үлкен әрі ауқымды республикалық форумдар өтіп отырады. Бұл жоба 6 жылдан бері бірнеше бағыттар бойынша өз қызметін атқарып келеді. Форумды өткізудегі ең басты мақсат – студент жастардың Қазақстан болашағына деген азаматтық жауапкершілігін көтеру және патриоттық сезімін арттыру болатын. Осы мақсатта еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жастардың көзіндегі жалыны мен ұсынған тың жобаларынан ақ еліміздің ертеңін бағдарлай аламыз.

Сондай-ақ, біраз жылдар бойы студенттердің сәттілігіне айналған «Болашақ», «Академиялық ұтқырлық» бағдарламалары арқылы біздің Қазақ Ұлттық Жоғары оқу орнының студенттері өзге мемлекеттерді аралап, мол тәжірибе жинауда. Осы мысалдардан ақ біздің мемлекетіміз, оның ішінде ҚазҰУ сияқты алпауыт оқу орындары мен барша білім беру мекемелері жастарды қолдау мекеніне айналып отырғанына куә боламыз!

**PhD, аға оқытушы А.К. Бекбаев, 1-курс магистранты Сыдыхов Жан**

## БІЛІМ – ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ

Мүмкіндік жайында әңгіме қозғалса, көбіміз қиындықты еске аларымыз анық. Бірақ, барлығы өзіміздің ойымыздан бастау алары анық емес пе?! Осы тұрғыда, барлық жерден дос таба біліп, жақсы дүниелер ойлаған абзал:

Өз қалауың, болса егер жан досың,

Түрлі сыйды күте білші, сен тосың.

Жақын адам көп болғаны қолдау ғой,

Әр адамда болса бір-бір Ай-Досың!

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімеді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ.

Неге десеңіз, бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол

осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар, Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингісінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

**PhD, аға оқытушы, Садуев Нуржан Орынбасарович;**  
**1-курс магистранты Скокбаев Тайыржан**

## ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫ

Мектепті жаңа бітірген жас буынның әлі бұғанасы қатпай, қай оқу орнына түсу керектігін таңдай алмай жүрген сәттері әрқашан жадында сақталар тәтті естеліктердің бірі. Шынымен алдыңда сан-түрлі «мен мұңдалаған» оқу орындары тұрғанда таңдауыңнан жаңылмай, өзіңе жақын білім ордасын таңдау да өте үлкен ерлік. Ал осы сәтті біздің таңдауымыз Алматыда орналасқан, қазақтың «қара шаңырағы» атанған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне түсті. Аталмыш оқу орны мектеп бітіруші әрбір түлектің, білім нәрімен сусындаймын деген жастық білім алғысы келетін Қазақстандағы беделді оқу орындарының бірі әрі бірегейі екенін мақтанышпен алға тартамыз. Неге ҚазҰУ қалашығы?

ҚазҰУ ХХ ғасырдан бастап керегесі қаланған алпауыт, тарихи оқу орындарының бірі. Бүгінгі күнге дейін университет көпұлтты Қазақстан экономикасының, саяси және құқықтық өмірінің, мәдениетінің, ғылымы мен білімінің қалыптасуы мен дамуына, оның өрбуіне өзіндік үлесін қосуда. ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамында бүгінде білімді әрі білікті 2500-ден астам маман қызмет етеді. Оның ішінде 400 ғылым докторы, профессорлар және 800-ден астам ғылым кандидаттары мен доценттер, 200 отандық және шетелдік философия докторлары студенттерге тәлім беріп жүр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бакалавриат, магистратура және докторантураның 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық мамандықтарының кең спектрін ұсынады.

Үлкен қалаға оқуға түскен жастар үшін ең өзекті мәселелердің бірі - баспана. Осы тұрғыда айта кететін жайт, ҚазҰУ қалашығы орналасу жағынан ыңғайлы. Себебі оқу орнының өзі Алматының ішінде бөлек бір қалашық деп айта аламыз. Ректорат, факультеттер корпусы, саябағы мен студенттер үйі, мәжіліс залдары, ТМД-да теңдессіз Әл-Фараби кітапханасы да бір аумақта орналасқан. Демек, тәлім алушылар өз уақыттарының көп бөлігін жолға жұмсап, қаланың күйбең

тіршілігінен шаршамай, бар назарды тек оқуға ұстауы үшін өте қолайлы жағдай жасалған. ҚазҰУ - білім беру жағының жоғары деңгейі, сондай-ақ жайлы, жылы студенттер үйі мен қызықты студенттік өмірімен әр түлектің жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз.

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында студенттік жастар ұйымдары да жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, саясатты серік еткендерге «студенттер Сенаты», «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы, «Алтын сапа» интеллектуалды пікірсайыс ұйымдары кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік іс-шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді.

Біздің оқу орнында ғылым мен ілімге де өте көп көңіл бөлінген. «Ғылымды серік етемін» деген студенттер үшін де дәстүрлі түрде «Ғылым әлемі» сияқты конференция, форумдар жиі ұйымдастырылып отырады. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағымынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді.

ҚазҰУ қалашығы – әр мектептің еркелерін, әр қаланың білімділерін, әр өңірдің серкелерін біріктіріп, өмірлік дос сыйлаған құтты мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені, ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беруде. Сол себепті де, ҚазҰУ қалашығы осында оқитын әр студенттің өміріндегі ең үлкен сәттілік деп санаймыз.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті атанып, ҚазҰУ қалашығының тұрғынына айналу – асқақ арман, зор мәртебе және үлкен бақыт деп біліңіз.

**Ядролық физика магистранты 1-курс**  
**Абсаматов Бексұлтан.**  
**Бекітілген жетекші ф.-м.ғ.к. доцент О Имамбек**

## БІЗДІҢ МЕКЕН

*«Қазақта жалғыз шаңырақ бар, ол – Қазақстан! Оңтүстік – өз үйіміз».*  
Ханбибі Есенқарақызы

Иә, біздің мекен оңтүстік. Қазақстанның оңтүстік астанасы аталып кеткен алып қала Алматы. Алматы өзінің табиғатымен, биік тауларымен, жайдарлы адамдарымен, ұзын-сонар кептелісімен және жоғары оқу орындарымен ерекше. Алматы біз үшін ҚазҰУ-мен ерекше. Себебі біздің таңдау – ҚазҰУ.

Біз де өзгелер сияқты 11 жыл оқып, алтын ұя мектебімізбен қимай қоштастық. Жас бітіруші түлектің ең алғашқы әрекеті баршаға белгілі ғой. Қолына телефон алып, әлеуметтік желіні ақтарып, білімі мен абыройы асқақ жоғары оқу орнын қарай бастайды. Біз де дәл солай қолымызға телефонымызды алып, ҚазҰУ туралы ақпаратты зерттеп, оның өмірімен сырттай таныса бастадық.

Зерттеу барысында «Біздің мекен ҚазҰУ неге ерекше?» деген сұраққа жауап алуға тырыстық. Өзгелермен салыстыруға да келмейтін өзіндік ерекшеліктері бізді баурап алды десек артық айтқанымыз емес. Соның бірі біздің университеттегі қазақилық дер едім. Олай болса әңгімемізді сол бағытқа бұрайық.

Көктемнің алғашқы айы мерекеге толы, қуаныш пен бақытты әкелетін ең ерекше ай. Наурыз мерекесінің бірінші күнінен-ақ айналамызға алғыс айтып, жанымызда жүрген нәзік жандыларды ерекше аялап, жер мен елді жаңартамыз. Иә, Наурыз – бейбітшілік пен бірліктің бастауы болатын ай. Дәл осы айдағы мерекелер біздің мекенде өте жоғары деңгейде аталып өтілетінін жасырып қалуға болмас.

Әз-Наурыз деп жатамыз. Осы мереке қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Наурыз жәрмеңкесі өтті. Мерекелік іс-шараға қоғам қайраткерлері, оқу орнының түлектері, ұжымдағы қызметкерлер, ғалымдар, факультет ардагерлері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты. Аталмыш жәрмеңкеге барша факультеттер білек сыбана атсалысты. Жәрмеңке ҚазҰУ қалашығының көркіне айналған ректорат ғимараты алдындағы алаңда басталды. Онда факультеттер жанындағы мұражай экспонаттарының көшпелі көрмесі, оқытушылар мен студенттер жетістіктері және түрлі көркемөнер туындылары қойылды. Бағдарлама аясында ұлттық ойындар, спорттық жарыстар және баспа өнімдерінің сатылымы ұйымдастырылып, студенттер үшін додалар да жасалды.

Сондай-ақ университет игілігі үшін төрт киіз үй арнайы тапсырыспен дайындалғанын, осы уақытқа дейін жалға алып келген киіз үйлердің болмайтындығын алға тартты. Осындай қазақтың буын жоғалтпаған оқу ордамыз үшін біз алғыс айтуымыз керек.

Расында бір ғасырда талай керуен көшіп, талай оқиғалар орын алып жатыр. Ал біздің мекен баяғыша білім жолында көшбастап, студенттері үшін бар жағдайды жасауда. Дәл осындай қазақилықтың қаймағын сақтаған, білім мен өнерді тең ұстайтын оқу ордасында оқытыныма алғыс білдіремін!

**Теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы**  
**К.С.Дюсебаева. Теориялық және ядролық физика кафедрасының**  
**доценті м.а. Ю.А.Зарипова**



Ақпан-наурыз айларында дүние есігін ашқан Түркі халықтары мәдени қорының мүшелері Дариға қажы Төлекбайқызы, Хафиза Ахметова, Роза Баркибаева, Айгүл Сергазинова, Жұлдыз Ногайбаева, Съездгүл (Жанна) Тохтабаева, Ихсан Дагдұранды туған күндерімен құттықтаймыз!

Сіздерге өкінбес өмір, кіршіксіз көңіл, сарқылмас бақыт, шалқыған шаттық, тұнық тыныштық, отбастарыңызға ырыс-құт тілейміз. Әрқашан Алланың нұры жауып, ортамызда аман-есен жүріңіз. Асау толқынды өмір арнасында жанұяңыз бақ пен қуаныш нұрына шомылып, жыры мен сыры, әні мен мәні көп жақсылық жайлаған жағалауға тұрақтаңыз!

**Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы**



## МЕЖВУЗОВСКАЯ ВОСПИТАТЕЛЬНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ИНИЦИАТИВА В ОБЛАСТИ ЦИФРОВОЙ ЭТИКИ И УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

30 января в рамках реализации повестки Целей устойчивого развития ООН была проведена межвузовская воспитательно-просветительская инициатива, посвящённая вопросам этики и ответственности в социальных сетях (*Ethics and Responsibility in Social Media*). Мероприятие было организовано при участии Caspian University и Казахского национального университета имени аль-Фараби и направлено на формирование ценностных ориентиров и социальной ответственности студентов в условиях цифровой среды.

Участниками инициативы стали студенты Caspian University, обучающиеся по специальности *нефтяная инженерия*, а также студенты КазНУ им. аль-Фараби, обучающиеся по специальности *иностранный филология*. Формат мероприятия включал аналитический просмотр тематического видеоматериала, студенческие презентации, интерактивную дискуссию, а также краткий итоговый диагностический элемент в форме тестирования. Такой формат обеспечил сочетание просветительской направленности и рефлексивного обсуждения, способство-

вал осознанию участниками личной ответственности за собственное поведение в онлайн-пространстве и формированию культуры ответственного цифрового взаимодействия.

Мероприятие проводилось на английском языке и было ориентировано на обсуждение актуальных этических вызовов современного цифрового общества, включая ответственность за распространение онлайн-контента, нормы этической коммуникации в сети, проблему дезинформации и значение цифровой грамотности в формировании ответственного поведения пользователей. Межвузовский и междисциплинарный состав участников способствовал расширению социального и культурного диалога, а также развитию критического и этического осмысления цифровой коммуникации.

**Жемилева М.М., докторант  
Алимбаева А.Т., Новикова С.В.,  
Дайрабекова Г.К.,  
ст.преподаватель  
КазНУ им.Аль-Фараби, кафедра  
иностранной филологии и  
переводческого дела**

## ОТ КОСМИЧЕСКИХ ЛУЧЕЙ ДО УСКОРИТЕЛЕЙ: КАК ИЗУЧАЮТ ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ ЧАСТИЦЫ

Изучение фундаментальных частиц – одна из ключевых задач современной физики. Эти частицы являются строительными блоками материи и лежат в основе всех процессов, происходящих во Вселенной. Однако напрямую увидеть элементарные частицы невозможно, так как их размеры и время существования чрезвычайно малы. Поэтому физики используют сложные экспериментальные методы и специальные приборы чтобы исследовать свойства микромира. История этих исследований охватывает путь от изучения космических лучей до создания мощных ускорителей частиц.

Одним из первых источников информации о фундаментальных частицах стали космические лучи. Космические лучи – это потоки высокоэнергетических частиц. Они возникают в результате процессов, происходящих в астрофизических объектах, таких как сверхновые звезды, пульсары или активные галактические ядра. Когда космические частицы сталкиваются с атомами в атмосфере Земли, возникают каскады вторичных частиц, включая электроны, мюоны и пионы. Изучение этих процессов позволило ученым открыть ряд новых частиц и лучше понять структуру материи.

В первой половине XX века именно исследования космических лучей сыграли ключевую роль в развитии физики элементарных частиц. С помощью облачных и пузырьковых камер ученые наблюдали следы частиц, возникающих в атмосфере. Таким образом были открыты, например, мюон и пион.

Для более точного изучения частиц ученым потребовались источники, параметры которых можно регулировать. Решением стало создание ускорителей частиц. Ускорители позволяют разгонять заряженные частицы до огромных энергий и сталкивать их между собой или с неподвижной мишенью. При таких

столкновениях энергия превращается в новые частицы, что позволяет исследовать процессы, происходящие на очень малых расстояниях. Чем выше энергия ускорителя, тем глубже ученые могут заглянуть в структуру материи.

Современные ускорители являются одними из самых сложных научных установок, когда-либо созданных человеком. Они представляют собой огромные кольцевые или линейные структуры, оснащенные мощными магнитами и системами радиочастотного ускорения. Магниты удерживают частицы на нужной траектории, а специальные резонаторы постепенно увеличивают их энергию. После ускорения пучки частиц направляются в зоны столкновения, где расположены детекторы.

Детекторы частиц играют ключевую роль в экспериментах. Их задача – зарегистрировать продукты столкновения и измерить их свойства: энергию, импульс, заряд и направление движения.

Исследования в области физики элементарных частиц позволяют отвечать на фундаментальные вопросы о природе Вселенной. Ученые стремятся понять, из каких частиц состоит материя, какие силы управляют их взаимодействиями и как возникла структура Вселенной после Большого взрыва. Несмотря на достигнутые успехи, многие вопросы остаются открытыми.

Таким образом, путь исследований от космических лучей до современных ускорителей отражает стремление человечества понять фундаментальные законы природы. Используя сложные экспериментальные установки и передовые технологии, физики продолжают исследовать микромир, открывая новые частицы и расширяя наше представление о структуре Вселенной.

**Банщикова М.А., Бексолтанова Б.О.**

## ЖАСТАРЫМЫЗ – БАЙТАҚ ЕЛІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫ

Өзгеріс пен жаңғыру үдерісі үздіксіз жүріп жатқан заманда даму мәселесі әрбір адам үшін маңызды тақырыпқа айналды. Адам баласы дүниеге белгілі бір қабілетпен келетіні рас. Алайда сол табиғи дарынын қаншалықты аша алады? Қабілетті шыңдау үшін қандай қадам жасау қажет? Осы сауалдарға жауап іздеу – әсіресе жас буын үшін аса өзекті.

Бүгінде кейбір жастар мамандық таңдауда өз жүрек қалауына емес, өзгенің пікіріне сүйеніп жатады. Бірі ата-анасының кеңесіне жүгінсе, енді бірі «сұранысқа ие мамандық» немесе «табысы жоғары сала» деген түсінікпен шешім қабылдайды. Әрине, мұндай таңдаудың өзіндік себептері бар. Дегенмен ел болашағы жастардың қолында екенін ескерсек, олардың өз қабілетін танып, саналы түрде таңдау жасауы аса маңызды. Себебі қоғамның ертеңі – бүгінгі білім алып жатқан жас ұрпақ.

Осы тұрғыда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттері жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Қай факультетті алсақ та, жастар тек білімде ғана емес, өнерде, спортта, қоғамдық жұмыстарда, ұйымдастырушылық қабілетте де белсенділік танытып келеді. Бұл – олардың ой-өрісінің кеңдігін, заман талабына бейім екенін көрсетеді.

Біз білім алып жүрген физика-техникалық факультетінде де осындай қарқын байқалады. Қазіргі бәсекелестік заманында бір ғана мамандықпен шектелу жеткіліксіз екені анық. Сондықтан студенттер негізгі кәсіби біліммен қатар, қосымша дағдыларды меңгеруге, шығармашылық және ғылыми ізденістерге ерекше мән береді. Көптеген жастар қоғамдық жобаларға қатысып, еріктілік қызмет атқарып, көшбасшылық қабілеттерін дамытып жүр.

Университет қабырғасында өтетін ғылыми конференциялар мен семинарларға студенттердің белсенді қатысуы – соның айғағы. Олар тек өз оқу орнында ғана емес, қалалық және республикалық деңгейдегі ғылыми жиындарда баяндама жасап, жүлделі орындарға ие болып жүр. Бұл – ізденіс пен табандылықтың нәтижесі.

Факультет ішіндегі ғылыми үйірмелер де студенттердің білімін тереңдетуге зор мүмкіндік береді. Бос уақыттарында жастар ғылыми жобалар әзірлеп, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, жаңа идеялар мен заманауи жаңалықтарды талқылайды. Осындай белсенділік олардың кәсіби әрі тұлғалық дамуына серпін беріп отыр.

Шынында да, жастар – еліміздің ертеңі, тәуелсіздігіміздің тірегі, байтақ жеріміздің қорғаны. Бүгінгі ізденіс пен білім ертең ел абыройын асқақтататын үлкен жетістікке айналатыны сөзсіз.

Біздің сеніміміз берік. Жас буын арманын жүзеге асырып, Алаш елінің даңқын биікке көтереді. Себебі олардың жүрегінде мақсат, санасында білім, бойында қайрат бар.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті:  
Жолдасқали Аида Жолдасқалиқызы,  
PhD доктор, Теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті  
Таукенова Алия Сембековна**

## СТУДЕНТТІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ

Қазіргі қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықтың артып келе жатқаны көңіл қуантады. Бұл үрдіске жоғары оқу орындарының қосып отырған үлесі зор. Соның айқын дәлелі – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттеріне ұсынылған «Оқуға тиісті 100 кітап» жобасы. Аталған бастама жастардың рухани көкжиегін кеңейтіп, тұлғалық дамуына серпін беруді мақсат етеді.

Осы жоба аясында оқылған шығармалардың бірі мені терең ойға жетеледі. Жалпы, бүгінгі күні патриоттық сезім әр адамда әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Кейбіреулердің бойында елге деген сүйіспеншілік ерекше болса, енді бірінде ол әлсіз байқалады. Ал мұндай туындылар ұлттық рухты оятып, туған жерге деген құрметті арттыруға ықпал ететіні анық.

Шығарманы оқу барысында шүкіршілік ету, ел қадірін білу, Отанға адал болу сынды қасиеттердің маңызы айқын сезіледі. Атымтайдың адал жүрегі мен шынайы махаббаты, Заманайдың әкеге деген сағынышы, Аманайдың батылдығы мен елжандылығы оқырманды бейжай қалдырмайды. Әсіресе, жазушының Атымтай бейнесін сомдауы – нағыз ер азаматтың қандай болуы керектігін көрсететін көркем үлгі. Оның батылдығы, табандылығы, Отанына деген адалдығы – әр қазақ жасының бойынан табылса дейтін асыл қасиеттер.

Балқия образы да ерекше ой салады. Ол – табиғатынан адал әрі қайсар болғанымен, мінезіндегі қыңырлықтың кесірінен өмір жолында талай қателікке мамадағанына қарамастан, өз таңдауын дұрыс жасай алмай, өмірдің күрделі соқпағына түседі. Ал Гүлбарша керісінше, сабыр мен табандылық танытып, өз мақсатына жетіп, берекелі отбасы құрып, еңбекте де жетістікке жетеді. Бұл екі тағдыр – адам өміріндегі шешімдердің маңызын айқын көрсететін мысал.

Балқияның кеш өкініші, бақыттың қадірін дер кезінде түсіне алмауы – оқырманға үлкен сабақ. Ал шығарма соңындағы Аманайдың тауға ойлана қараған сәті – ашық финал. Оның алдағы тағдыры беймәлім күйде қалады. Бұл тұста әр оқырман өз қиялымен жалғастыра алады.

Мен өз қиялымда Аманайдың туған еліне оралып, әкесінің жолын жалғастырған адал азамат болып өсетінін елестеттім. Ол елінің сенімін ақтап, анасы Әлиман құрметтеп, берекелі отбасын құрып, халқына қызмет ететін тұлғаға айналады деп сенгім келеді.

Кітапты аяқтай келе түйгенім – адам өмірде жақсы ойлап, жақсылыққа ұмтылуы керек. Сабыр сақтап, өзін-өзі ұстай біліп, мақсатына адал болған жан ғана биікке жетеді. Ең бастысы – Отаныңа адал қызмет ету. Міне, бұл шығарма маған осыны ұқтырды.

Осылайша, көркем әдебиет студенттің жан-жақты дамуына, рухани кемелденуіне зор ықпал етеді. Кітап – тек білім көзі ғана емес, өмірлік бағыт-бағдар беретін шамшырақ.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ: Жусипбекова Даметкен  
Қадирбайқызы, Аманкулов Ердос**

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген ұлағатты сөздің мәнін шын жүректен түсіне аламыз ба? Біріміз терең ұғына берсек, біріміз байқамай қалатын шығармыз. Дегенмен бүгінгі тақырып осы сөздің мәнін ашып, болашаққа бағыт салу туралы болмақ.

Адамға берілген тәрбие, отбасы мен орта, қоғамның ықпалы – оның жетістікке жетуінің негізі. Егер осы білім мен тәлім ретімен беріліп, адам оны дұрыс игерсе, онда ол өз саласында білікті маман ғана емес, парасатты, өнегелі тұлға болып өседі. Сол арқылы ата-баба атын шығарып, «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген нақыл сөздің мәнін өмірде дәлелдеуге болады.

Мен қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ұстазы ретінде өз шәкірттерімен бірге білім беру мәселелері жөніндегі ойымды ортаға салғым келеді. Бүгінгі күннің шәкірттері ертеңгі күннің жарқын болашағына жол салушылар емес пе? Сол жолды жарқын етуге біз мұғалімдер кепілдік бере аламыз ба? Осы сауалдар әрбір ұстаздың ойына серпін береді.

Ұрпақ саналы тәртіп пен сапалы білім негізімен қаруланған кезде ғана қоғам еркін тыныс алады. Мектеп өмірінде жаңа бағыттағы, дұрыс ұйымдастырылған шаралар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, жауапкершілігін арттырады. Ата-аналардың

сенімі мен ынтымақтастықтың нығаюы да осының айғағы.

Деңгейлік курстар мен сертификатталған мұғалімдердің сабақтары оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың бойына ізденімпаздық, тапқырлық, шығармашылық қасиеттерін сіңіреді. Бүгінгі шәкірттеріміз – ертеңгі күннің майталмандары, еліміздің тізгінін ұстар азаматтары. Сондықтан әрбір мұғалім олардың дамуына барын салуы тиіс.

Ұрпақты шабытты, білімді, өжет және қайсар етіп тәрбиелеу үшін білім беру мазмұнын жаңа деңгейге көтеру – мұғалімдердің басты міндеті. Біз өз біліктілігіміз бен ұстаздық шеберлігімізді ұштастыра отырып, шәкірттерді рухани биік шыңдарға жетелейтін жолға бағыттаймыз.

Сондықтан әрбір мұғалім үшін сенім жүгінің ауыр екенін сезіну табиғи. Бірақ көшбасшы ретінде қандай да бір кедергі болса да, шешімін тауып, алға қарай ұмтылу – біздің басты ұстанымымыз.

Бұл тақырып тек білім беру мәселесі емес, ұрпақ тәрбиесі мен ел болашағы арасындағы тығыз байланыс екенін көрсетеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ: Камил Ақерке  
Талғатқызы, Белисарова Фарид Бексултановна**

## ТӘРБИЕ, БІЛІМ ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІ

Білім туралы айтуға әрдайым мүмкіндік бар. Алайда сол білімді адам қалай пайдаланады? Бірінің пайдасы тигенде, бірінің зияны да болуы мүмкін. Мұнда адамдық қасиеттер, адамгершілік ерекше маңызды рөл атқарады. Сондықтан ғана қоғамға пайдалы, өнегелі адам болуға тырысу қажет.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», – деп нақыл қалдырған Әл-Фараби бабамыз. Бұл сөзден біз ұлттық рухани болмысты қалыптастырудың, өз тағдырын саналы шешуге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің қаншалықты маңызды екенін байқаймыз.

Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Отан дегеніміз – халық, ал халық дегеніміз – адам. Адамды сүю, оған жақсылық жасау – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Осы тұрғыда халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, азаматтыққа, ерлікке тәрбиелеу маңызды. Ұлттық өлең-жырлар, мақал-мәтелдер мен халықтың өнегелі дәстүрлері – бұл жолдағы тиімді құралдар.

Патриоттық сезімді қалыптастыруда қолданылатын негізгі құралдар мыналар:

**1. Ұлттық құндылықтар** – жер, ел, тіл.

**2. Ұлттық нысандар** – Елтаңба, Ту, Өнұран.  
**3. Ұлттық мәдениет** – сөз өнері, бейнелеу өнері, музыка, дене тәрбиесі.  
**4. Қазақ зиялыларының өнегелі істері мен сөздері.**

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенті ретінде осы құндылықтарды өз тәжірибемде көріп жүрмін. Университетке келгеннен бері ұстаздарымыз білімдерін аямай бөлісіп, бізге тек теориялық білім беріп қана қоймай, өнеге, тәрбие, адамгершілік қасиеттерді де бойымызға сіңіруде. Әр семестр сайын әр кафедраның оқытушылары бір-бір сабақ беріп, бізге жан-жақты дамуға мүмкіндік жасайды. Солардың арқасында біз тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, адамдық қасиеттерімізді де шыңдаймыз.

Міне, тәрбие мен білімнің үйлесімі – қоғамға пайдалы, елге қызмет етер азаматтың негізі.

**Ғылыми физика мамандығының 4 курс студенті Омар Ақтоты Еркінқызы  
PhD, қауымдастырылған профессор,  
Теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті  
Сарсембаева Айғаным Тнысбековна**

## ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ – АДАМЗАТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Қазіргі әлемде қауіпсіздік ұғымы тек әскери қуатпен өлшенбейді. Шынайы қауіпсіздік – адам өмірінің, табиғаттың және болашақ ұрпақтың қорғалуымен анықталады. Осы тұрғыда, ядролық қарусыздану адамзат өркениетінің ең маңызды стратегиялық әрі гуманистік таңдауы болып табылады.

Ядролық қару – жаппай қырып-жоятын күш қана емес, ол адамзаттың өз болашағына төнген ең үлкен қатер. Оның салдары ондаған жылдарға созылатын экологиялық, әлеуметтік және демографиялық апаттарға әкелуі мүмкін.

Бүгінгі әлемде қауіпсіздік тек әскери қуатпен өлшенбейді. «Ядролық қару қорқынышы» – адамдар мен елдерді қарусыздануға мәжбүрлейтін, бірақ сонымен бірге тұрақтылыққа қауіп төндіретін психологиялық және саяси феномен. Бұл XX-XXI ғасырлар тоғысындағы адамзат өркениетіне төнген ең күрделі экзистенциалдық қатерлердің бірі. Ядролық қарудың шынайы қауіп 1945 жылғы Хиросима мен Нагасаки трагедиясынан кейін айқын сезілді. Осы оқиғалар ядролық қарудың тек соғыс құралы емес, адамзатқа қарсы қару екенін дәлелдеді. Бір сәттік жарылыс жүз мыңдаған адамның өмірін қиды, ал радиацияның салдары ондаған жылдарға созылды. Ол тек әскери-саяси мәселе емес, сонымен қатар психологиялық, гуманитарлық, экологиялық және моральдық өлшемдері бар жаһандық құбылыс. Бұл қорқыныш бір жағынан ядролық қарусыздану мен бейбіт шешімдерді іздеуге түрткі болса, екінші жағынан жаһандық шиеленіс пен қауіп-қатерді үнемі арттырады. Семей полигонын жабу арқылы ел тек өз қауіпсіздігін ғана емес, бүкіл өңірдің тұрақтылығын

қамтамасыз етті. Бұл қадам ядролық қару қорқынышынан туындайтын қысымды сенім мен ынтымақтастық арқылы жеңуге болатынын көрсетті. Қазақстанның тәжірибесі – бұл қорқынышты жеңудің үлгісі.

Семей ядролық сынақ полигоны – тек өткеннің қасіреті емес, бұл болашақ ұрпаққа аманат. Ол ғылым мен технологияның адамгершілік жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс екенін еске салады. Бұл қасіретті ұмытпау, бейбітшілікті басты құндылық ретінде сақтау – халықаралық қауымдастықтың ортақ міндеті. Семей тағылымы – ядролық қарусыз әлемге ұмтылудың айқын дәлелі. Семей ядролық сынақ полигонының тарихы – адамзатқа ортақ сабақ. Ядролық қарусыздану мәдениеті – бұл келісімдер, ынтымақтастық және бейбітшілік құндылықтарын қоғам санасында қалыптастыру, тұрақты дамудың негізі. Ядролық қарудан арылу арқылы энергия, білім мен инновацияға жұмсайтын ресурстарымыз артады. Бұл – әрбір жас үшін өмірдің жаңа мүмкіндіктерін ашу. Жастарға ядролық қарудың зардабын түсіндіру, қауіпсіз әлемді сезіндіру – адамзаттың ортақ жауапкершілігі. Сол себепті ядролық қарусыз әлемді құру – біздің ең басты міндетіміз. Бейбітшілік жолын таңдаған қоғам ғана тұрақты әрі қауіпсіз болашаққа қол жеткізе алады. Қазақстанның таңдауы осы жолдағы моральдық көшбасшылықтың үлгісі болып қала береді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
жылуфизика және техникалық физика кафедрасы,  
Әсембаева Мәнсия, қауымдастырылған профессор**

## САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Бүгінгі ой-толғауым менің жүрегіме жақын оқу ордасы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті туралы болмақ. Тоқсан жылға жуық тарихы бар бұл қарашаңырақ – еліміздің ғылымы мен білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан іргелі оқу орны. Көпшілікке 86–88 жыл деген уақыт ұзақ көрінбеуі мүмкін. Алайда университет үшін бұл – талай тарихи белестер мен сындарлы кезеңдерді артқа тастап, кемелдену жолынан өткен мазмұнды дәуір.

1934 жылы іргетасы қаланған оқу орны алғашында С.М. Киров атындағы ҚазМУ болып құрылды. Кейін, 1991 жылдың 23 қазанында, университетке ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. Осы сәттен бастап оқу ордасының мәртебесі жаңа деңгейге көтеріліп, ұлттық әрі халықаралық кеңістіктегі беделі арта түсті.

Бүгінде ҚазҰУ – тек елімізде ғана емес, әлемдік білім кеңістігінде танылған жетекші университеттердің бірі. Мұндай абырой бір күнде келген жетістік емес. Бұл – ондаған жылдар бойы тынымсыз еңбек еткен ұстаздар қауымының кәсібилігі мен мыңдаған талапты студенттердің білімге деген құштарлығының жемісі. Тамыры тереңге бойлаған білім ордасы уақыт талабына сай жаңарып, заманауи ғылым мен инновацияны ұштастыра отырып, ел дамуына қызмет етіп келеді.

Университет атауын естіген сәттің өзінде ерекше мақтанш сезімі оянады. «Бұл – менің оқу орным!» деп сеніммен айту әр студент үшін зор мәртебе. ҚазҰУ қабырғасында жастардың жан-жақты дамуына барлық мүмкіндік жасалған. Жыл сайын өткізілетін ғылыми жобалар байқаулары, пәндік олимпиадалар, шығармашылық және зияткерлік жарыстар, түрлі студенттік ұйымдар мен клубтар – барлығы да жас буынның қабілетін шыңдап, өзін танытуына жол ашады.

Университеттің рухани символына айналған, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын ерекше атап өткен жөн. Оның 1150 жылдық мерейтойының кең көлемде аталып өтуі – тек университет үшін ғана емес, күллі ел үшін маңызды оқиға болды. Әл-Фараби – шығыс аристотелизмінің көрнекті өкілі, терең ойлы философ әрі ұлағатты ұстаз. Оның артында қалған құнды еңбектері мен тағылымды нақыл сөздері бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани қазына болып қала бермек.

Қорыта айтқанда, «Білімдінің күні жарық» деген халық даналығы бекер айтылмаған. Қазіргі заман – бәсекеге қабілетті, жан-жақты білімді тұлғалардың дәуірі. Ал сапалы әрі жүйелі білім алу – жарқын болашақтың сенімді кепілі. Осындай іргелі оқу орнында білім алып жатқаныма шынайы ризашылық білдіремін.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті:**  
**Баймұғал Ұлтуар Айдарбекқызы,**  
**PhD доктор, Теориялық және ядролық физика**  
**кафедрасының доценті Таукенова Алия Сембековна**

## ЖЕТЕКШІНІҢ СТУДЕНТКЕ ЖӘНЕ АДАМҒА ӘСЕРІ

Жетекші дегенді әркім әртүрлі түсінеді. Бүгін осы тақырыпқа тоқталып көрейік. Мектепте сынып жетекші, ал жоғарғы оқу орнында куратор – студенттің алғашқы тірегі. Куратор кім және қандай болу керек? Бұл сұраққа терең жауап беру маңызды.

Жоғары оқу орнына келгенде алдыңнан бірінші кездесетін адам – куратор. Ол тек студентке бағыт көрсетіп қана қоймай, оның жан-жақты дамуына ықпал ететін тұлға. Куратордың басты қасиеті – студенттерді шын жүректен сүйе білу. Егер сен өз жұмысыңды махаббатпен, құлшыныспен атқарсаң, ол жұмыс жемісті болады, сенің бақытыңның бір бөлігіне айналады.

Студенттің жеке қабілетін ашу, өмірге деген құлшынысын арттыру, қоғамдық өмірге белсенді қатыстыру – куратордың басты мақсаты. Ол өз шәкіртіне білім мен тәжірибе беріп қана қоймай, қажетті әдебиеттерді ұсынып, кәсіби және адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге көмектеседі. Әр жыл сайын осы салада жұмыс жасау куратордың тәжірибесін байытып, оның студентке әсерін күшейтеді.

Шәкіртіне толық көңіл бөліп, оны жан-жақты дамыту үшін еңбегі бағаланғанын әр куратор қалайды. Себебі, әрбір куратор күні бойы өз студентінің қамын ойлап, қолдау көрсетіп, олардың жетістігі үшін барын салады.

Қорыта келе, мына өлең жолдары арқылы осы ойды жеткізуге болады:

Ұстаз болған адам сондай бақытты,  
Керексінбей өзге байлық жақұтты.  
Көңіл бөліп, бар жағдайда қарасаң  
Бала үшін табады екен уақытты!

**ф.-м.ғ.к., профессор Белисарова Фаридә;**  
**1 курс магистранты Жұматай Дана**

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚТЫҢ БІЛІМ ОРДАСЫ

Бүгінгі қоғам – білім мен біліктілікті басты құндылық санайтын орта. Мұны әлеуметтік желілердегі талқылаулардан да, еңбек нарығындағы талаптардан да, жалпы қоғамдық көзқарастан да айқын аңғаруға болады. Дегенмен, «білім керек» екен деп, кез келген ақпаратты ретсіз қабылдау жеткіліксіз. Ең маңыздысы – жүйелі, мақсатты, сапалы білім алу. Осы тұрғыдан алғанда, қарашаңырақ ҚазҰУ-ды таңдағаныма ешқашан өкінбеймін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – еліміздегі ең беделді жоғары оқу орындарының бірі. Жыл сайын Қазақстанның әр аймағынан мыңдаған талапкер осы университетке құжат тапсырады. Алайда бұл оқу ордасына тек жоғары білім көрсеткіші бар, шығармашылық ойлау қабілеті қалыптасқан, ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті жастар ғана түсе алады. Мұның өзі университет түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты. ҚазҰУ дипломы – жұмыс берушілер үшін сапа мен кәсібиліктің белгісі.

Жаһандану дәуірінде жоғары оқу орындары халықаралық ықпалдастыққа ерекше мән беруде. Осы бағытта ҚазҰУ студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына академиялық ұтқырлық бағдарламалары ұсынылған. Яғни білім алушылар шетелдік серіктес университеттерде тәжірибе жинақтап, ғылыми ізденісін кеңейтуге мүмкіндік алады. Бұл – болашақ маманның дүниетанымын кеңейтіп, кәсіби деңгейін арттыратын маңызды қадам.

Университеттің тағы бір айрықша артықшылығы – заманауи ғылыми кітапханасының болуы. Ізденімпаз студент қажетті

ақпараттың барлығын орталықтандырылған кітапхана қорынан таба алады. Электронды жүйе арқылы керекті оқулыққа алдын ала тапсырыс беріп, оны тиісті бөлімшеден алу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар кітапханада интернет желісінің қолжетімділігі студенттерге тек отандық емес, шетелдік ғылыми журналдар мен басылымдарды пайдалануға жол ашады.

Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары белсенді жұмыс атқарады. Кез келген білім алушы өзінің көшбасшылық қабілетін танытып, осындай ұйымдарға мүше бола алады. Бұл ортада жастар тек білімін жетілдіріп қана қоймай, ұйымдастырушылық, коммуникациялық дағдыларын дамытады, қоғаммен байланыс орнатуды үйренеді, жаңа достар табады.

Бүгінде ҚазҰУ Қазақстан көлемінде ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі жетекші білім беру орталығы ретінде танылып отыр. Университетте студенттердің ғылыми ойлауын дамытуға, дербес ізденіс жасауына және тұлғалық кемелденуіне барлық жағдай жасалған. Соның нәтижесінде Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізетін ұлттық рейтингте университет жыл сайын алдыңғы орыннан көрініп келеді. Бұл – оқу орнының ғылым мен білім саласындағы көшбасшылығын айқын дәлелдейді.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті:**

**Бахыт Диана Мәлікқызы,**

**PhD доктор, Теориялық және ядролық физика**  
**кафедрасының доценті Таукенова Алия Сембековна**

## XXI ҒАСЫР – БІЛІМ МЕН ПАРАСАТ ДӘУІРІ

«Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл», – деген тағылымды жолдармен бүгінгі ойымды бастағым келеді. Бұл сөздер әр азаматтың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс асыл қағида іспетті.

Қазіргі қоғам сан түрлі өзгерістерді бастан өткеріп отыр. Оның игілікті ұстары да, алаңдататын қырлары да аз емес. Осындай кезеңде «елдің ертеңін кім айқындайды?» деген сауал көпшіліктің көкейінде тұратыны анық. Жауап біреу – ол біздің өскелең ұрпақ, білімді де жігерлі жастар. Әрине, барлық жауапкершілікті тек жастардың иығына артып қою дұрыс емес. Қоғам дамуына әрбір азамат үлес қосуы тиіс. Дегенмен, заманауи ғылым мен технологияның қарқынды дамуы жағдайында көшбасшылық тізгінін ұстар негізгі күш – білімді жас буын екені сөзсіз. Сондықтан ел сенімі ең алдымен соларға артылмақ.

XXI ғасырды еш күмәнсіз білімділер ғасыры деп атай аламыз. Ақпарат пен инновация үстемдік құрған заманда бәсекеге қабілетті болудың басты шарты – сапалы білім мен үздіксіз ізденіс. Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттерінің жетістіктері қуантады. Университет қабырғасында білім алушылардың ғылыми белсенділігі, түрлі жобаларға қатысуы, жаңа бастамаларға ұмтылысы айқын байқалады.

Білім сапасын арттыру бағытында университет жыл сайын жаңа бағдарламалар мен халықаралық жобаларды іске асыруда. Соның бір дәлелі – бірнеше жыл алдын физика-тех-

никалық факультетіне Жапонияның беделді жоғары оқу орындарының бірі саналатын Osaka University профессорларының келуі. Кездесу барысында қос диплом бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық мәселелері талқыланып, студенттерге шетелде білімін жетілдіру мүмкіндіктері жайлы кеңінен ақпарат берілді.

Osaka University – әлемдік білім беру кеңістігінде жоғары орыны бар университеттердің қатарында. Мұндай серіктестіктер студенттерге халықаралық тәжірибе жинақтап, білім көкжиегін кеңейтуге жол ашады. Шетелде алған білім мен тәжірибені елге әкеліп, отандық ғылым мен өндірістің дамуына үлес қосу – әр жастың азаматтық парызы.

Қазіргі таңда «бәсекеге қабілетті ел боламыз» деген мақсат қойсақ, соған сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеуіміз қажет. Осындай игі бастамалар мен халықаралық бағдарламалардың жүзеге асуы – қарашаңырақ университетіміздің болашаққа нық қадам жасап келе жатқанының айқын көрінісі.

Сондықтан XXI ғасырда табысқа жетудің кілті – адал еңбек, берік ұстаным және терең білім. Ал білімге ұмтылған жас – ел ертеңінің сенімді кепілі.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті:**

**Найманбек Сымбат Жарқынбекқызы,**

**физика-математика ғылымдарының кандидаты,**  
**теориялық және ядролық физика кафедрасының**  
**доценті Имамбек Онласын**

## ӨЗІҢ ҚАЛАҒАН ІС – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

«Бүгінгі түні домбыра күйін шертеді,

Ойдағы арман – қиялдағы ертегі.

Жаныңа қара, отырған жерің дәл қазір

Бір өзің үшін мол мүмкіндіктер мекені», –

деген жолдар осы ойымды дәл сипаттайтындай. Адам өмірінде өз жүрегі қалаған мамандықты таңдап, сол жолда елге пайда тигізу – үлкен бақыт.

Бұл мақаланы жазуға мен көп ойланған жоқпын. Себебі тақырып ойыма келген сәтте кім туралы қалам тербейтінім анық еді. Ол – біздің ардақты ұстаздарымыз.

Қазіргі таңда мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қабырғасында білім алып жүрмін. Осы оқу ордамына келген күннен бастап бізге бар білімін, тәжірибесін, өмірлік тағылымын аянбай үйретіп келе жатқан жандар – ұстаздар қауымы. Олар тек дәріс оқып қана қоймай, әр студенттің жүрегінен орын таба білетін, бағыт-бағдар көрсететін тұлғалар.

Әсіресе, университеттің физика-техникалық факультетіне қарасты теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушылары біз үшін айрықша құрметке ие. Әр семестр сайын осы кафедраның профессорлары мен оқытушылары түрлі пәндерден дәріс беріп, күрделі ғылымның қыр-сырын түсіндіреді. Біз олардан тек білім ғана емес, жауапкершілік, табандылық, адалдық, адамгершілік сынды қасиеттерді де бойымызға сіңіреміз. Ұстаздың шынайы ең-

бегі – шәкірт жүрегіне жол табуында.

Аталған кафедра тек оқу үдерісімен шектелмей, ауқымды ғылыми жобаларды да жүзеге асыруда. Робот техникасы, атом энергетикасы бағытындағы зерттеулер, жалпы салыстырмалық теориясы секілді күрделі ғылыми тақырыптар төңірегінде жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Осындай ізденістерге қатысу немесе көкейдегі ғылыми сұрақтарды ортаға салу үшін кафедра ұстаздары әрдайым қолдау көрсетуге дайын. Бұл – нағыз ғылым ордасына тән қасиет.

Шын мәнінде, алға қойған мақсатқа жету жолында ұстаздың сенімі мен қолдауы аса маңызды. Өз арманым мен болашаққа деген сенімімнің нығаюына осы тұлғалардың ықпалы зор деп нық айта аламын. Өткенге көз жүгіртіп, алдағы күнге жоспар құрғанда, осындай білімді де жанашыр жандардан тәлім алып жүргенімді мақтанышпен айтамын.

Өзің сүйіп таңдаған мамандықпен айналысып, сол жолда ел игілігіне қызмет ету – үлкен жауапкершілік әрі бақыт. Ал ондай жолға бағыт сілтейтін ұстаздардың болуы – біз үшін нағыз ырыс, баға жетпес байлық.

**Ғылыми физика мамандығының 4-курс студенті**

**Аманбек Гүлнұр Ерболқызы,**

**PhD доктор, Теориялық және ядролық физика**  
**кафедрасының доценті Таукенова Алия Сембековна**

## "I AM NOT ALONE": HOW KAZNU TURNED VULNERABILITY INTO OUR GREATEST STRENGTH

In the high-stakes world of higher education, silence is often mistaken for stability. We see students rushing to lectures, filling libraries, and achieving high grades, and we assume that all is well. However, beneath the surface of academic rigor, there is often a hidden undercurrent of anxiety, isolation, and the overwhelming pressure to be perfect. This phenomenon, often called "duck syndrome" - looking calm above water while paddling furiously beneath - is a global challenge.

At Al-Farabi Kazakh National University (KazNU), excellence has always been the standard. We are globally recognized for our rankings, our history, and our academic rigor. But this year, we decided to measure our success by a different metric: **Empathy**.

For too long, in the high-pressure environment of higher education, students have felt the weight of the world on their shoulders, often believing they had to carry it in silence. We realized that to build truly resilient leaders, we first had to build a supportive family. This was the genesis of the "I Am Not Alone" movement - a campus-wide initiative designed to replace the stigma of struggle with the power of solidarity.

We started by acknowledging that the old ways of seeking help felt outdated and intimidated. We took mental health out of the clinical offices and brought it into the digital spaces where our students live.

Collaborating with the university's Psychological Support Center, we launched a series of candid podcasts and "Real Talk" Reels. We tackled topics ranging from exam anxiety to the quarter-life crisis. By having professionals and students discuss these issues openly on social media, we didn't just offer advice; we normalized the conversation. The message was clear: It is okay not to be okay, and there are resources right here in your feed to help.

The most visible transformation, however, happened in the physical heart of our university. We introduced "Warm Walls" in our busiest corridors - places usually reserved for rushing to lectures.

We turned these spaces into interactive boards where students could leave anonymous notes. They shared worries, dreams, and, most importantly, words of encouragement for strangers. What started as blank surfaces quickly transformed into vibrant mosaics of human connection. Students stopping to read a sticky note found comfort in realizing their anxieties were shared, while others found purpose in writing "You can do this" for someone they had never met. We turned cold corridors into a collective support system, proving that kindness doesn't always need a face - it just needs a space.

What makes "I Am Not Alone" truly sustainable is that it is not a mandate from the top, but a movement from within. Our Student Ambassadors took the torch, creating a ripple effect across faculties. Through peer-to-peer support networks and honest digital storytelling, they dismantled the illusion of perfection. When a student sees their peer admit to a struggle, the campus becomes a little less lonely and a lot more welcoming.

Today, when you walk through the gates of KazNU, you are entering more than just an academic institution. You are entering a community that understands that resilience isn't about never falling down - it's about having a hand to hold when you get back up.

We have proven that empathy is not a distraction from education; it is the foundation of it. To every student, past, present, and future, our message is permanent: Here, you are never alone.

By Otetileuova Assel, Ongarbayeva Meruert  
Al-Farabi Kazakh National University

## ЖАС ҒАЛЫМ ЖОЛЫ: СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ АРҚЫЛЫ САПАЛЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі жаһандану дәуірінде өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі қоғам өмірінің маңызды көрсеткіштерінің біріне айналды. Әсіресе өндіріс, технология, медицина және тағам салаларында стандарттау мен сертификаттаудың маңызы күн сайын артып келеді. Бұл бағыт тек экономикалық даму үшін ғана емес, сонымен қатар халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда стандарттау және сертификаттау саласында білім алып, ғылыми-зерттеулер жүргізу - қазіргі заманның сұранысына жауап беретін маңызды міндеттердің бірі.

Мен ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторантурасында Стандарттау және сертификаттау мамандығы бойынша білім алып жатқан жас зерттеушімін. Бұл бағытта таңдауымның басты себебі - сапа мәдениетін қалыптастыруға үлес қосу және ғылыми-зерттеулер арқылы қоғамға пайдалы нәтижелер ұсыну. Себебі кез келген елдің тұрақты дамуы өндірістегі сапа мен қауіпсіздік жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты.

Стандарттау мен сертификаттау - тек техникалық талаптар жүйесі ғана емес, ол қоғамдағы сенім мен жауапкершіліктің негізі. Тұтынушылар сапалы әрі қауіпсіз өнімді пайдалануға құқылы. Сондықтан әрбір өндіріс орны өз өнімінің сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендіруге ұмтылады. Мұндай жағдайда стандарттау жүйесі өндіріс тиімділігін арттырып, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Жас ғалым ретінде менің басты мақсатым - стандарттау және сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми-зерттеулер жүргізу. Ғылым мен тәжірибені ұштастыру арқылы өндірістегі сапаны арттыру, қауіпсіз өнім шығару және халықаралық стандарттарды тиімді енгізу мәселелерін зерттеу - менің ғылыми қызығушылығымның негізгі бағыты болып табылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті - еліміздегі жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірі. Университет қабырғасында білім алу жас зерттеушілерге кең мүмкіндіктер береді. Мұнда ғылым мен білімді ұштастыра отырып, халықаралық деңгейдегі зерттеулер жүргізуге жағдай жасалған. Университеттің ғылыми мектебі мен тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамының қолдауы жас ғалымдардың кәсіби дамуына үлкен әсер етеді.

Қорытындылай келе, стандарттау мен сертификаттау жүйесін дамыту - сапалы әрі қауіпсіз қоғам қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі. Жас ғалым ретінде менің мақсатым - осы бағытта ғылыми ізденістер жүргізіп, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға үлес қосу. Сапа мәдениетін қалыптастыру - әрбір маманның кәсіби жауапкершілігі. Ал ғылым жолындағы ізденіс - болашаққа бастар сенімді қадам.

Сейдраманова Сауле Ильясқызы

## ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ПРАКТИКИ В КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

В рамках реализации программы учебной практики для студентов 1 курса кафедры теплофизики и технической физики Казахского национального университета им. аль-Фараби в предыдущем учебном году был организован насыщенный комплекс образовательных, научных и профориентационных мероприятий. Практика стала важной площадкой для расширения кругозора обучающихся, формирования профессиональных ориентиров и знакомства с передовой научной инфраструктурой одного из ведущих университетов страны.

Одним из ключевых направлений практики стало посещение Республиканской научно-технической библиотеки. Оформление читательских билетов позволило студентам получить доступ к обширным фондам научной и технической литературы, что способствует развитию исследовательских навыков и академической культуры.

Не менее познавательными стали экскурсии в Музей биологического факультета КазНУ, где первокурсники познакомились с уникальными научными коллекциями, современными достижениями в области биологии и перспективными междисциплинарными направлениями науки.

Особое место в программе практики заняли лекции ведущих ученых и профессором кафедры теплофизики и технической физики. Выступления на темы криофизики и криотехнологий, проблем теплопереноса и

возобновляемой энергетики позволили студентам прикоснуться к актуальным научным исследованиям, узнать о современных технологических решениях и увидеть реальные перспективы профессионального роста в сфере науки и инженерии.

Кроме того, обучающиеся посетили Центр процессных инноваций КазНУ, где ознакомились с новейшими инженерными разработками, цифровыми решениями, промышленными проектами и научно-прикладными инициативами университета. Это дало студентам возможность увидеть, как научные идеи превращаются в практические технологии и реальные продукты.

Ярким и вдохновляющим событием программы стал «День выпускников», прошедший на стадионе КазНУ. В рамках встречи первокурсники пообщались с успешными выпускниками факультета, узнали об их карьерных достижениях, опыте работы в науке, промышленности и энергетическом секторе, а также получили ценные советы по построению профессионального пути.

Учебная практика для студентов 1 курса стала важным этапом становления будущих специалистов в области технической физики, энергетики и стандартизации. Она способствует развитию научного мышления, формированию мотивации к исследовательской деятельности и осознанному выбору карьерной траектории, укрепляя имидж КазНУ как центра подго-



Товки высококвалифицированных инженеров и ученых нового поколения.

**Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С.,**  
кафедра теплофизики и технической физики КазНУ им. аль-Фараби  
**Сейтов Олжас Кайратұлы**  
Докторант 1 курса  
ОП «Стандартизация и сертификация (по отраслям)»

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ – 17: СЕРІКТЕСТІК АЯСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕ

2025 жылғы 15 қыркүйек пен 2026 жылғы 29 қаңтар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің Түріктану және Шығыс елдері тарихы кафедрасының «6B02207 – Шығыстану» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері Ілияс Жания Талғатқызы, Кеңес Айғаным Ғабитқызы және Данилла Аружан Бауыржанқызы Түркия Республикасының Денизли қаласында орналасқан Памуккале университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасып қайтты.

Аталған академиялық ұтқырлық бағдарламасы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 17-мақсаты – серіктестік арқылы тұрақты дамуға қол жеткізу қағидатын жүзеге асыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі болып табылады. Бағдарлама екі жоғары оқу орны арасындағы академиялық байланысты нығайтып, халықаралық білім беру кеңістігіндегі өзара ынтымақтастықты дамытуға ықпал етті.

Студенттерді шетелдік оқу сапарынан кейін Түріктану және Шығыс елдері тарихы кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор, доцент м.а. Халел Ақнұр ханым жылы ықыласпен қарсы алып, болашақ шығыстанушы мамандардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы жинақтаған білім-білігі мен тәжірибесі олардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп, алдағы ғылыми-педагогикалық еңбек жолында маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сонымен қатар, студенттердің халықаралық білім кеңістігінде алған тәжірибесі олардың болашақта бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына негіз болатынын жеткізді.

Өз кезегінде болашақ түлектер Памуккале университетінде алған білімдері мен әсерлерімен бөлісіп, екі университет арасындағы академиялық серіктестіктің алдағы уақытта одан әрі нығая түсетініне сенім білдіріп, көрсетілген қолдау мен мүмкіндік үшін алғыстарын айтты.

Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасының негізгі мақсаты – түрік тілін тереңдетіп меңгеру, кәсіби білім деңгейін арттыру, сондай-ақ Түркияның бай мәдени-

тарихи мұрасымен жан-жақты танысу болды. Студенттер қабылдаушы университетте бір академиялық семестр бойы жергілікті студенттермен бірге оқу пәндерін меңгеріп, оқу үдерісіне белсенді қатысу арқылы теориялық және практикалық білімдерін жетілдірді.


Оқу барысында студенттердің тілдік құзыреттілігі айтарлықтай артты. Сондай-ақ, Памуккале университетінде ұйымдастырылған студенттік ұйымдардың қызметіне, мәдени және ғылыми іс-шараларға белсенді қатысуы түрік тілін күнделікті өмірде еркін қолдануға мүмкіндік берді. Түркияның тарихы мен мәдениетіне арналған дәрістер шығыстану саласындағы кәсіби танымы тереңдетуге ықпал етті.

Бағдарлама аясында әртүрлі елдерден келген шетелдік студенттермен орнатылған академиялық және мәдени байланыстар халықаралық ортада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, студенттердің дүниетанымын кеңейтетіндігі сөзсіз.

Памуккале университетіндегі оқу тәжірибесі студенттер үшін кәсіби дамудың маңызды кезеңі болып, халықаралық білім кеңістігінде жинақталған білім мен тәжірибе олардың болашақ мамандық жолында зор маңызға ие болмақ. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттердің тілдік, мәдени және академиялық әлеуетін арттыруға бағытталған тиімді алаң екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Әбілдаев Ж.Ә.**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Шығыстану факультеті Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға оқытушы  
**Қырқымбекова А.Т.**  
Кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, аға оқытушы

## БУДУШИМ ЭНЕРГЕТИКАМ ОТКРЫВАЮТ ПУТЬ В ПРОФЕССИЮ



В целях расширения сотрудничества с промышленными партнерами и повышения практической направленности обучения на кафедре теплофизики и технической физики КазНУ им. аль-Фараби прошла встреча студентов образовательной программы «Теплоэнергетика» с представителями АО «Алматинские электрические станции».

04 февраля 2026 года на кафедре теплофизики и технической физики состоялась встреча студентов и преподавателей с представителями АО «Алматинские электрические станции», одной из ведущих энергопроизводящих компаний города Алматы и Алматинской области.

АО «АлЭС» является ключевым предприятием в сфере производства тепловой и электрической энергии. Компания обеспечивает тепло и электроэнергией население, промышленные и сельскохозяйственные объекты региона. В настоящее время численность персонала предприятия превышает 3000 человек. В структуру АО «АлЭС» входят стратегически важные энергетические объекты, включая ТЭЦ-1 имени Б. Оразбаева, ТЭЦ-2 имени А. Жакутова, ТЭЦ-3, Западный тепловой комплекс, Капшагайскую ГЭС имени Ш. Чокина, Каскад ГЭС, ПРП «Энергоремонт» и Центр приема и выгрузки топлива.

В ходе встречи представители

компании подробно рассказали о деятельности предприятия, перспективах развития энергетической отрасли, а также о карьерных возможностях для молодых специалистов. Особое внимание было уделено вопросам трудоустройства выпускников по направлениям энергетика, теплоэнергетика, автоматизация и управление.

Студентам были представлены условия работы в компании, включая стабильную заработную плату, полный социальный пакет, возможности профессионального роста, оплачиваемые учебные отпуска, корпоративные программы развития и меры поддержки молодых специалистов. АО «АлЭС» активно инвестирует в обучение и развитие персонала, формируя кадровый потенциал энергетической отрасли.

Кроме того, участникам встречи разъяснили порядок подачи заявок на вакансии через портал [qsamguk.kz](http://qsamguk.kz), где необходимо пройти регистрацию, заполнить резюме и откликнуться на интересующую должность. Актуальные вакансии размещены на официальных ресурсах компании.

Проведенная встреча стала значимым шагом в укреплении сотрудничества между университетом и промышленными партнерами и открыла для студентов реальные возможности профессионального роста и успешного трудоустройства в одной из крупнейших энергетических компаний страны.

**Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К.,  
Оспанова Ш.С., Нурмуханова А.З.**  
кафедра теплофизики и  
технической физики КазНУ им.  
аль-Фараби  
**Өмірзақ Мұрат Серікұлы**  
Докторант 1 курса  
ОП «Стандартизация и  
сертификация (по отраслям)»



## УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

ҚазҰУ Қазақстандағы жоғары білім беру саласының дамуына зор үлес қосқан оқу орны болып табылады. Университеттің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, заманауи ғылым мен технологияларды меңгерген мамандарды даярлау.

Университет құрылған күннен бастап үздіксіз даму үстінде және қазіргі таңда халықаралық деңгейдегі жетекші оқу орындарының біріне айналған. ҚазҰУ – Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі ұлттық зерттеу университеті мәртебесіне ие алғашқы университет.

### Факультеттер мен білім беру бағдарламалары

ҚазҰУ құрамында 16 факультет бар, олар әртүрлі бағыттағы білім беру бағдарламаларын ұсынады. Университетте гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік және медициналық ғылымдар салаларында мамандар даярланады.

**Физика техникалық факультетінің профессоры Ф.Б.Белисарова.**  
«8D05308-Ядролық физика» Нұрпейсов Айкен

## КАМПУС ЖӘНЕ СТУДЕНТТІК ӨМІР

ҚазҰУ-дың үлкен кампусы бар, онда студенттерге қажетті барлық жағдай жасалған. Кампустың аумағында оқу ғимараттары, зертханалар, кітапхана, жатақханалар, спорт кешендері және студенттік демалыс аймақтары орналасқан. Университетте білім алушылар үшін түрлі мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Студенттік ұйымдар мен қауымдастықтар белсенді жұмыс істеп, жастардың шығармашылық және кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар ҚазҰУ шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатып, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұсынады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі ең беделді жоғары оқу орындарының бірі

**Физика техникалық факультетінің доценті М.Хасанов.**  
8D05306 -Физика Ж.Мұратхан

## БІЛІМНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Білім – кез келген қоғамның іргетасы. Ол жеке тұлғаның дамуына, кәсіби шеберлігінің артуына және экономикалық өсімге ықпал етеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі адамның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Әсіресе, жоғары оқу орындары бұл үдерісте маңызды рөл атқарады.

Білімнің жеке тұлғаға әсері  
Білім адамның ой-өрісін кеңейтеді, сыни ойлау қабілетін дамытады және жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Кәсіби білім алған адам жоғары білікті маманға айналып, өз саласында жетістікке жетеді. Сонымен қатар, білім адамдарға өзін-өзі дамытуға, өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

**Физика техникалық факультетінің профессоры В.Джунушалиев.**  
8D05306 -Физика Р.Беркутбаева

## «ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ – ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ»

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы жаңа даму кезеңінің алдында тұр. Соңғы онжылдықтар бойы табиғи ресурстарға сүйенген экономикалық модель елдің өсіміне негіз болғанымен, бүгінгі жаһандық геосаяси тұрақсыздық пен нарықтық өзгерістер жаңа бағыттарды талап етуде. Осы тұрғыда өңдеу өнеркәсібін дамыту – экономиканы әртараптандырудың маңызды әрі стратегиялық бағытына айналып отыр. Бұл тек экономикалық қажеттілік қана емес, сонымен қатар елдің тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді дамуының кепілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Президент Жолдауы аясында экономиканы әртараптандыру, өңдеу секторын дамыту және отандық өндірісті күшейту мәселелерін жүйелі түрде атап келеді. Жолдауда өндіріс көлемін ұлғайту ғана емес, оның сапасын арттыру, инновация енгізу және технологиялық жаңғыру қажеттігі ерекше көрсетілген. Бұл бағыт – еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі алғышарты.

Өңдеу өнеркәсібі – экономиканың тұрақты әрі сапалы өсімін қамтамасыз ететін басты тетіктердің бірі. Қосылған құны жоғары өнім өндіру арқылы ел ішіндегі экономикалық айналым ұлғайып, жаңа жұмыс орындары ашылады. Соңғы жылдары Қазақстанда индустриялық аймақтар құрылып, бірқатар өндірістік жобалар жүзеге асырылуда. Машина жасау, құрылыс материалдары, химия және тамақ өнеркәсібі салаларында жаңа кәсіпорындар іске қосылып, өндірістік әлеует біртіндеп артып келеді. Сонымен қатар өндірістің сапалық деңгейін арттыру – уақыт талабы. Қазіргі кезеңде тек өнім көлемін көбейту жеткіліксіз, оның сапасы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігі басты назарда болуы тиіс. Осы тұрғыда цифрландыру, автоматтандыру және жасанды интеллект элементтерін енгізу өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Индустрия 4.0 қағидаттарын енгізу арқылы кәсіпорындар шығындарды азайтып, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейте алады.

Инфрақұрылымды дамыту – өңдеу өнеркәсібінің табысты дамуының маңызды шарты. Электр энергиясы, су ресурстары, көлік-логистика жүйелері және өндірістік алаңдардың қолжетімділігі кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді. Сондықтан мемлекет тарапынан индустриялық инфрақұрылымды жаңғырту және кеңейту жұмыстары жалғасуы тиіс. Бұл жаңа инвестицияларды тартуға және өңірлердің теңгерімді дамуына ықпал етеді.

Қаржыландыру мәселесі де ерекше назар аударуды талап етеді. Өңдеу өнеркәсібі ұзақ мерзімді және тұрақты инвестицияларды қажет етеді. Осыған байланысты жеңілдетілген несиелер, инвестициялық субсидиялар және мемлекеттік қолдау құралдары маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, қаржы институттары мен даму банкітерінің өндірістік жобаларды қолдауға белсенді қатысуы қажет. Бұл кәсіпкерлерге өз жобаларын сенімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту – өңдеу өнеркәсібінің маңызды бағыттарының бірі. Қазақстан ауылшаруашылығы саласында үлкен әлеуетке ие. Дегенмен шикізатты терең өңдеу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Астық, ет, сүт және майлы дақылдарды өңдеу арқылы дайын өнім шығару – экспорттық мүмкіндіктерді арттырады. Сонымен қатар бұл ауылдық аймақтардың дамуына серпін беріп, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етеді.

Машина жасау саласы да стратегиялық маңызға ие. Бұл салада өндірістің толық циклін қалыптастыру – негізгі міндеттердің бірі. Яғни тек құрастырумен шектелмей, қажетті бөлшектер мен компоненттерді ел ішінде өндіру қажет. Бұл технологиялық тәуелсіздікті арттырып, жаңа инженерлік мектептердің қалыптасуына жол ашады. Сонымен бірге бұл бағыт жастардың техникалық мамандықтарға қызығушылығын арттырады.

Кадр даярлау мәселесі – өңдеу өнеркәсібінің дамуына тікелей әсер ететін фактор. Қазіргі еңбек нарығында білікті инженерлер мен техникалық мамандарға сұраныс жоғары. Осыған байланысты білім беру жүйесін өндіріс талаптарына бейімдеу, дуалды оқыту жүйесін дамыту және кәсіптік білім беруді қолдау қажет. Университеттер мен өндіріс орындарының өзара ынтымақтастығы жаңа деңгейге көтерілуі тиіс.

Экологиялық тұрақтылық та қазіргі индустриялық саясаттың ажырамас бөлігіне айналып отыр. «Жасыл» технологияларды енгізу, энергия тиімділігін арттыру және қоршаған ортаны қорғау шараларын күшейту – өндірістің заманауи талаптарының бірі. Бұл тек экологияны сақтау ғана емес, сонымен қатар халықаралық нарыққа шығудың маңызды шарты. Экологиялық стандарттарға сай өнім өндіру – қазақстандық тауарлардың беделін арттырады. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігі де ерекше рөл атқарады. Отандық өндірушілерге басымдық беру арқылы ішкі нарықты дамытуға және өндірісті ынталандыруға болады. Бұл тәсіл ұлттық экономиканың ішкі ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді және жаңа өндірістердің қалыптасуына ықпал етеді.

Өңірлік даму да назардан тыс қалмауы тиіс. Өңдеу өнеркәсібін тек ірі қалаларда ғана емес, аймақтарда да дамыту маңызды. Бұл өңірлердегі экономикалық белсенділікті арттырып, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді. Әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, мамандандыру саясатын жүргізу тиімді нәтижелер береді.

Қорыта айтқанда, өңдеу өнеркәсібін дамыту – Қазақстанның болашақ экономикалық келбетін айқындайтын негізгі бағыттардың бірі. Бұл сала елдің экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саясат пен қолға алынған реформалар бұл бағытта нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстанда бұл мақсатты жүзеге асыру үшін барлық қажетті алғышарттар бар. Табиғи ресурстар, адами капитал және географиялық орналасу – үлкен артықшылықтар. Ең бастысы – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, инновация мен технологияға басымдық беру және жүйелі реформаларды жалғастыру. Өңдеу өнеркәсібі – елдің тұрақты дамуының негізі. Оны дамыту арқылы Қазақстан жаңа экономикалық деңгейге көтеріліп, әлемдік экономикада өз орнын нығайта алады. Бұл бағыттағы әрбір қадам – елдің жарқын болашағына жасалған маңызды инвестиция.


**Нұрымов Ерлік Кыдыралиевич. Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының PhD, аға оқытушысы**  
**Муталип Сафия Нурланқызы Стандартау және сертификаттау мамандығының 3-курс студенті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

## ЖЕРДІҢ ИОНОСФЕРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жердің ионосферасы – атмосфераның жоғарғы қабаты, ол күн сәулелерінің әсерінен иондалған газдардан тұрады. Бұл қабат радиобайланысты қамтамасыз етеді, ғарыштық зерттеулер үшін маңызды орта болып табылады және Жердің ғарыштық сәулелерден қорғанысын қамтамасыз етеді.

**Ионосфераның құрылымы**  
Ионосфера шамамен 60 км-ден 1000 км-ге дейінгі биіктікте орналасқан және бірнеше қабатқа бөлінеді. Ионосфераны барлап білу (Зондирование ионосферы) – 50-80 кмден 400-500 км-ге дейінгі қабаттағы атмосфераның иондану сипаты туралы деректер алу. Ол ионосфералық станция, метеорологиялық ракета арқылы жүзеге асады. Ионосфераны барлап білу деректері алыс радиобайланыс үшін тиімді жиілікті таңдау кезінде пайдаланылады.

**Физика-техникалық факультетінің доценті, м.ф.-ғ.к. С.Н.Мукашева**  
8D05306 -Физика Г.Б.Тілеу



# ЯДРОЛЫҚ ЭНЕРГЕТИКАҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС: БОЛАШАҚҚА ҚАЙТА ОРАЛУ

Жаһандық климаттың өзгеруі, энергетикалық дағдарыстар және электр энергиясын тұтынудың қарқынды артуы жағдайында әлем қауымдастығы сенімді әрі экологиялық таза энергия көзі ретінде ядролық энергетикаға қайтадан назар аударуда. Бұрын ірі апаттар мен қоғамдағы сенімсіздік салдарынан сынға ұшыраған атом энергетикасы қазіргі уақытта қайта өрлеу кезеңін бастан кешіруде. Бұл өзгерістердің себептері қандай және неліктен ядролық энергетика қайтадан әлемдік назардың орталығына айналды?

*Қызығушылықтың қайта артуы: XXI ғасырдың сын-қатерлері*

Қазба отындарға негізделген дәстүрлі энергия көздері парниктік газдардың шығарылуына ықпал етіп, жаһандық жылыну үдерісін жеделдетеді. Сонымен қатар жаңартылатын энергия көздері – күн және жел энергетикасы – энергияны ауқымды көлемде сақтау жүйелері дамымаған жағдайда тұрақты базалық жүктемені толық қамтамасыз ете алмайды. Осындай жағдайда ядролық энергетика тартымды шешім ұсынады: жоғары қуаттылық, көмірқышқыл газының (CO<sub>2</sub>) нөлдік шығарындылары және ауа райы жағдайларына тәуелсіз жұмыс істеу мүмкіндігі.

*Барлығын өзгертетін инновациялар*

Заманауи технологиялардың дамуы ядролық энергетиканы әлдеқайда қауіпсіз, икемді және экономикалық тұрғыдан тиімді салаға айналдырды. Негізгі технологиялық жетістіктердің қатарына төмендегілер жатады:

• **Шағын модульдік реакторлар (SMR)**

Бұл ықшам қондырғыларды салыстырмалы түрде қысқа мерзімде салуға болады, олар аз қаржылық инвестицияны талап етеді және қауіпсіздік деңгейі жоғары. Шағын модульдік реакторлар әсіресе шалғай аймақтар мен дамушы елдер үшін тиімді шешім болып табылады.

• **Төртінші буын реакторлары (Gen IV)**

Қазіргі уақытта пайдаланылған ядролық отынды қайта қолдана алатын, апаттарға төзімді және радиоактивті қалдықтарды аз мөлшерде түзетін жаңа буындағы реакторлар әзірленуде. Оларды енгізу ядролық энергетиканың даму бағытын түбегейлі өзгертуі мүмкін.

• **Баламалы отын циклдері**

Уранға балама ретінде қарастырылатын торий отыны қауіпсіз әрі тұрақты ядролық отын цикліне мүмкіндік береді. Сонымен қатар торийді пайдалану ядролық қарудың таралу қаупін төмендетуге ықпал етеді.

• **Басқарылатын термоядролық синтез**

Термоядролық синтез технологиялары әлі де коммерциялық пайдаланудан алыс болғанымен, халықаралық ғылыми жобалар (мысалы, ITER) таза әрі іс жүзінде шексіз энергия көзін алу мүмкіндігі ғылыми фантастика емес екенін дәлелдеуде.

*Экология және қауіпсіздік: мифтерді жоққа шығару*

Ядролық энергетикаға қарсы пікір айтушылардың негізгі аргументтерінің бірі әрқашан қауіпсіздік мәселесі болып келді. Алайда соңғы онжылдықтар ішінде бұл сала айтарлықтай ілгеріледі. Қазіргі заманғы реакторлар пассивті қауіпсіздік қағида-тарын ескере отырып жобаланады, яғни техникалық ақаулар орын алған жағдайда реактор автоматты түрде тоқтатылады.

Сонымен қатар, радиоактивті қалдықтарды басқару жүйелерінің дамуы маңызды жетістік болып саналады. Мысалы, Финляндияда **Onkalo** жобасы жүзеге асырылуда — бұл әлемдегі алғашқы терең геологиялық қойма, ол радиоактивті қалдықтарды мыңдаған жылдар бойы қауіпсіз сақтауға мүмкіндік береді.

*Экономика және геосаясат*

Қазіргі ядролық энергетикалық жобалар экономикалық тұрғыдан барған сайын тиімді бола түсуде. Жаңа технологиялар, модульдік реакторларды стандарттау және құрылыс процестерін оңтайландыру жобаларды іске асыру мерзімін қысқартып, шығындарды азайтады. Сонымен қатар, ядролық энергетика мемлекеттердің отын импортына тәуелділігін төмендетіп, энергетикалық тәуелсіздік пен ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік береді.

*Шешілуі тиіс мәселелер*

Соған қарамастан, ядролық энергетика бірқатар маңызды мәселелермен бетпе-бет келуде:

- қоғам тарапынан сенімсіздік пен наразылықтар;
- бюрократиялық кедергілер және ұзақ келісу рәсімдері;

• ірі жобалардың жоғары құны;

• ядролық технологиялардың таралу қаупі.

Бұл мәселелерді шешу тек инженерлік жаңалықтарды енгізуді ғана емес, сонымен қатар қоғаммен тиімді ақпараттық жұмыс жүргізуді, халықаралық ынтымақтастықты дамытуды және саяси ерік-жігерді талап етеді.

**Қорытынды: болашаққа көзқарас**

Ядролық энергетика – бұл тек бұрынғы технологияларға қайта оралу емес, атом энергиясын түсіну мен пайдаланудың жаңа деңгейіне көтерілу болып табылады. Энергетикалық трансформация және экономиканы декарбонизациялау қажеттілігі жағдайында атом энергетикасы балама емес, тұрақты энергетикалық болашақтың ажырамас құрамдас бөлігіне айналуға.

Дұрыс стратегия, заманауи технологиялар және қоғаммен ашық әрі түсінікті коммуникация жүргізу ядролық энергетиканы даулы энергия көзінен энергетикалық қауіпсіздік пен климаттық тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі факторлардың біріне айналдыруы мүмкін.

Қазақстанда ядролық энергетика қолға алынды, 1-атом электр станциясының құрлысы басталды, келешекте тағы да салынады. Бұл дүние жүзінде уранның қоры бойынша 2-орын, өндіруден 1-орын алатын ел үшін, әрине, қалыпты жағдай болуы тиіс. Атом электр станциясын басқара алатын мамандар даярлау Қазақстан үшін қиындық тудырмайтын шығар - қазірдің өзінде еліміздің бірнеше университеті ондай мамандарды дайындауға, оның ішінде Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің кафедралары осындай кадрлар дайындауға әзір деп айтуға болады.

Түсеев Тұрғара, ф.-м.ғ.д. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жылуфизика және техникалық физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры  
Шәріпханов Алмаз Берікұлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің техникалық физика мамандығының 2-курс магистранты

## КВАНТТЫҚ ХРОМОДИНАМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Кванттық хромодинамика (ҚХД) – күшті ядролық өзара әрекеттесулерді сипаттайтын кванттық өріс теориясы. Бұл теория кварктер мен глюондардың өзара әрекеттесуін зерттейді және қазіргі физикадағы ең маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Кванттық хромодинамиканы зерттеу үшін ғалымдар жоғары энергиялы бөлшектер үдеткіштерін пайдаланады. Үлкен адрондық коллайдер (CERN) сияқты зертханаларда жүргізілетін эксперименттер кварктер мен глюондардың қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Кванттық хромодинамика – элементар бөлшектер физикасының негізін құрайтын маңызды теория. Оның зерттеулері арқылы біз Әлемнің құрылымын, күшті ядролық өзара әрекеттесулерді және ғарыштың алғашқы кезеңдерін тереңірек түсіне аламыз.

Физика техникалық факультетінің профессоры В.Джунушалиев.  
8D05306 -Физика Ж.Алибекова

## КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ЛАЙФХАКТАР

Қазіргі таңда уақыт пен күшті үнемдеу маңызды. Күнделікті тұрмысты жеңілдетуге көмектесетін түрлі лайфхактар арқылы өмір сапасын жақсартуға болады. Бұл кеңестер сіздің жұмысыңызды жеңілдетіп, уақытыңызды тиімді пайдалануға көмектеседі.

**Технологиялық лайфхактар**

1. **Телефонды күштірек зарядтау:** телефонды «Әуе режиміне» қойсаңыз, ол жылдамырақ зарядталады.

2. **Сымдардың шатасуын болдырмау:** құлаққаптың сымдарын қағаз қыстырғышпен бекітіп сақтаңыз.

3. **Су тиген телефонды құрғату:** телефонды күріш салынған ыдысқа салып қойсаңыз, ол ылғалды сіңіріп алады.

«Физика техникалық факультетінің доценті, м.ф.-ғ.к. В.О.Қурманғалиева  
8D05306 -Физика С.Амангелдинова

## ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ЖАҚСЫ КІСІ ЕДІ...

Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы Түркі халықтары Мәдени Қорының мүшесі, мәдениет пен руханият саласында ерекше белсенділік көрсеткен **ЖАМАЛ МҰСАТАЕВАНЫҢ** өмірден озуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтады.

**Жамал Мұсатаева** түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға, дәстүрлі құндылықтар мен рухани сабақтарды насихаттауға орасан үлес қосқан, ел ішінде сыйлы, қадірлі тұлға болды. Сонымен қатар, өз ісіне шынайы берілген, кең жүректі, парасаты биік, адамгершілігі мол жан еді... Оның мәнді де, мазмұнды өмір жолы ел жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Марқұмның жаны жәннатта болсын, отбасына, туған-туыстарына және жақындарына сабыр мен төзім тілейміз.



Меншік иесі:

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ Президенті және «Түркі Әлемі» газетінің Бас редакторы – АХМЕТ ДАҒДҰРАН**

Түркі халықтары мәдени қоры Әйелдер комитетінің төрайымы – **Дариға ТҮРЛЫБЕК**

Түркі халықтары мәдени қоры Зиялылар комитетінің төрайымы – **Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ**

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады  
**ИНДЕКСІ: 65862**

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 5 000 дана

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:**

Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы  
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv\_almati@mail.ru www.turkvakif.com

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Дариға ЖҮНИСОВА**  
**Ислам ЖЕМЕНЕЙ**  
**Ахмет ТОҚТАБАЙ**  
**Мақсұтхан ЖАҚЫП**  
**Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА**  
**Тұрсын ҒАБИТОВ**  
**Мұсат ИМАНҚҰЛ**

Редактор:  
**Арман ӘУБӘКІР**

Техникалық редактор:  
**Фарида ТУҒАНБАЙ**

Меншікті тілші:  
**Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ**

Корректор:  
**Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ**

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ  
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті – Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com

Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

# çiçek mangal



cicek\_mangal

cicek mangal

1. г. Алматы, ул. Кунаева 64  
тел. + 7 727 273 0268, сот. + 7 702 918 9001
2. г. Алматы, ул. А.Нусупбекова 26/11а-11  
тел. + 7 727 397 6667, сот. + 7 701 639 4434.
3. г. Алматы, проспект Назарбаева 226, МФК RAMSTORE ALL IN  
тел. + 7 727 279 2222, сот. + 7 702 152 9998

**TANTUNI Cafe 33 FISH & MEAT**

+7(707) 766 57 19  
 cafe33.almaty

г.Алматы, Абылай Хана 68